№3 (459)
31 наурыз
2021 жыл

# Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

# Келешектің сәулетшісімін



Гүлжанат КЕМАЛОВА
Педагогика магистрі, Zhubanov University «Үздік әдіскер-оқытушы-2021» байқауының бас жеңімпазы

4-5 бб

## Осы санда



АЛИХАН БУКЕЙХАНОВ. ТРАГЕДИЯ ЛИЧНОСТИ И ДРАМА НАРОДА
6-7 стр



ҚАЗАҚТЫҢ НАУРЫЗЫ
8-9 бб

КОРОНАВИРУС ЖАЙЛЫ ЖАҚСЫ ХАБАР
10-б



ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДА
16-б

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## ТОСЫН СЫЙҒА ТОЛЫ МЕРЕКЕ

Zhubanov арулары үшін 8-наурыз — Халықаралық әйелдер күніне орай тосын сыйға толы әдемі кеш ұйымдастырылды. «Хәкім Абай айтпақшы әйел адамды гүлге теңесек те нәзік жанды қазақ қыздары тәуелсіз еліміздің тарих беттерінде тек сұлулығымен емес, ақыл-парасатымен, ерлігімен, қайсарлығымен, ұлтжандылығымен қалды. Бүгінгі заман арулары сол ана-апаларының лайықты жалғастырушылары» — деп құттықтауын жолдаған университет Басқарма төрағасы-ректордың м.а., профессор Рахым Бекназаров статистикалық қызықты талдау жасады. Университетте еңбек ететін қызметкерлердің 72 пайызын қыз-келіншектер құрайды екен. Білім алушылардың жалпы құрамының 63 пайызы қыздар үлесінде. Оның ішінде магистранттардың 68 пайызы, докторанттардың 82 пайызы да арулар. Сондықтан ЖОО жетістіктерінде олардың алатын орны зор. «Педұжымның мақтанышы — көп бала тәрбиелеп отырған батыр аналардың саны бүгінде 53-ке жетті, олардың 44-і төрт, 6-ы бес, 2-і алты, 1-уі жеті бала өсіріп отыр» — деді ЖОО басшысы.



Zhubanov арулары университеттің бұрынғы ректоры, осы жоғары оқу орнын абырой биігіне жетелеп, әлемдік табыстарға жеткізген басшы, абайтанушы, қоғам қайраткері, Шәкәрім атындағы Семей университетінің ректоры, профессор Бауыржан Ердембековтің мерекемен құттықтаған, туған ұжымына деген жүрек сағынышын жеткізген видеолебізін овациямен қабылдады. Бауыржан Амангелдіұлы өткен жылы пандемиялық шектеулерге байланысты, кезінде көзбе көз айта алмаған, мерекеге арнап шығарған өлеңін қайта оқып, «Енді міне өздеріңізден 2 мың шақырым алыстан, көрі Ертістің бойынан, Абай мен Шәкәрімнің елінен сәлемдесіп отырмын, бірақ мен Сіздермен әрдайым біргемін! Мереке құтты болсын!» — деп кеш иелерінің көңілін толқытты. Тағы бір тосын сый қызметкер анаға жасалды. Оның Шымкент қаласында әскери борышын орындап жүрген ұлы видео арқылы құттықтап, шырқаған Шәмші Қалдаяқовтың «Ана туралы жыр» әніне зал қосылды. Рахым Бекназаров солдаттың анасын сахна төріне шақырып, гүл сыйлап, құрмет көрсетті. ЖОО басшысының келесі тосынсыйы күтпеген жаңалық болды. «Мерекеге байланысты бір айлық жалақы көлемінде барлық қызметкерлерге премия беріледі, өмірдің алтын діңгегі, әрине, аналар қолында, дегенмен олар ерлердің қайратты иығына сүйене жүріп, жігерленеді. Қазақ анасы отағасын төбеге көтеретін тамаша дәстүрі бар қасиетті халықпыз», — деді ол.



## ПРАЗДНИК, ПОЛНЫЙ СЮРПРИЗОВ

Прекрасный вечер с сюрпризами был организован для милых женщин Zhubanov University 8 марта — в Международный женский день. «Хаким Абай уподобляет женщину цветку, но нежные казахские девушки на страницах истории нашей независимой страны известны не только красотой, но и умом, отвагой, упорством и патриотизмом. Сегодняшние красавицы — достойные продолжатели своих матерей и сестер», — сказал и.о.Председателя правления-ректора вуза, профессор Рахым Бекназаров. По статистике, 72% сотрудников университета — женщины. 63% от общего числа студентов — девушки. 68% магистрантов и 82% докторантов — так же представительницы прекрасной половины человечества. Все они играют важную роль в успехе университета. «Гордость педагогического коллектива в том, что сегодня количество многодетных матерей-героинь достигло 53, из них 44 — имеют четырех, 6 — пятярых, 2 — шестерых и 1 — семерых детей», — сказал глава вуза. Дамы Zhubanov University аплодировала теплому видео-поздравлению прошлого ректора вуза, абаеведа, общественного деятеля, ректора Семипалатинского университета им.Шакарима, профессора Бауыржана Ердембекова, который вывел университет на вершины престижа и мирового успеха. Бауыржан Амангельдиевич прочитал стихотворение, которое он написал в прошлом году к празднику в связи с ограничениями пандемии. «Приветствую вас, находясь в двух тысячах километрах, берегов Иртыша, из земли Абая и Шакарима, но я всегда с вами! С праздником!» — взволновал он виновниц вечера. Еще один сюрприз преподнесли маме — сотруднице. Её сын, проходящий военную службу в Шымкенте, направил свое видеопоздравление и спел песню-посвящение матерям. Рахым Бекназаров пригласил на сцену маму солдата и вручил цветы.

Следующим сюрпризом руководителя вуза стала неожиданная новость. «В связи с праздником все сотрудники получат премию в размере зарплаты. Конечно золотая опора жизни находится в руках матерей, но их воодушевляют



сильные плечи мужчин. У нас есть прекрасная традиция, когда святость женщины проявляется в вознесении над головой своего мужчины», — сказал он.

## A HOLIDAY FULL OF SURPRISES

A wonderful evening with surprises was organized for lovely women at Zhubanov University on March 8 - International Women's Day. "Hakim Abai likens a woman to a flower, but gentle Kazakh girls on the pages of the history of our independent country are known not only for their beauty, but also for their intelligence, courage, perseverance and patriotism. Today's beauties are worthy successors of their mothers and sisters, "said the of the university, acting Chairman of the Board-Rector, professor Rakhym Beknazarov. According to statistics, 72% of university employees are women. 63% of the total number of students are girls. 68% of undergraduates and 82% of doctoral students are also are beautiful women. They all play an important role in the success of the university. "The pride of the teaching staff is that today the number of mothers-heroines with many children has reached 53, of which 44 have four, 6 have five, 2 have six and 1 have seven children," the head of the university said. Ladies of Zhubanov University applauded the warm video congratulation of the past rector of the university, abaologist, public figure, rector of Semipalatinsk University named after Shakarim, professor Bauyrzhan Erdembekov, who brought the university to the heights of prestige and world success. Bauyrzhan Amangeldievich read a poem he wrote last year for the holiday due to the restrictions of the pandemic. Bauyrzhan Amangeldievich read a poem he wrote last year for the holiday due to the restrictions of the pandemic.

"I greet you, being two thousand kilometers away, from the banks of the Irtysh, from the land of Abai and Shakarim, but I am always with you! Happy Holidays! " — he worried the culprits of the evening. Another surprise was presented to my mother, an employee. Her son, who is doing military service in Shymkent, sent his video congratulation and sang a song dedicated to mothers. Rakhym Beknazarov invited the soldier's mother to the stage and presented flowers. The next surprise of the head of the university was unexpected news. "In connection with the holiday, all employees will receive a salary bonus. Of course, the golden pillar of life is in the hands of mothers, but they are encouraged by the strong shoulders of men. We have a wonderful tradition when the holiness of a woman is manifested in the ascension above the head of her man, "he said.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА САПАСЫН БАҚЫЛАЙТЫН ЗЕРТХАНА САЛЫНАДЫ

Алдағы үш жыл ішінде Zhubanov University өңірлік университетінде Ақтөбе қаласындағы атмосфералық ауаның сапасы мен оның құрамындағы улы заттарды анықтап, бақылау жасайтын зертхана ашылады. Соңғы екі жыл бойы «Химия және химиялық технологиялар» кафедрасының доценті, техника ғылымдарының кандидаты Лаззат Тастанова «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» ББ (білім бағдарламасы) магистранттарымен бірге және Назарбаев Университетінің (NU) ғалымдарымен бірлесе отырып, Ақтөбе қаласының атмосфералық ауасындағы хром мен басқа металдардың құрамын анықтау бойынша зерттеулер жүргізуде. Дәл осындай өлшемдер сәйкесінше Нұр-Сұлтан қаласында да жүзеге асып жатыр.

Бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстары аясында Назарбаев Университетінің доценті, қауымдасқан профессор Mehdi Amouei Torkmahalleh және оның шәкірті, НУ Химиялық инженерия мектебінің докторанты Enock K. Adotey жақында Ақтөбеге атмосфералық ауаның сынамаларын алуға және олардың сапасын бақылауға арналған тағы бір қондырғы әкелді. Бұған дейін ұқсас қондырғы Zhubanov University өңірлік университетінің М.Арын атындағы Бас оқу ғимараты төбесінде орнатылған болатын. Астаналық зерттеушілер университет ректоры м.а. Рахым Бекназаровпен арнайы кездесіп, бірлескен жұмысты үйлестіру барысы және одан әрі зерттеу жоспарымен таныстырды. Әкелінген жаңа қондырғы 10 күн ішінде орнатылып, сынақтан өткізіледі.

## БУДЕТ ПОСТРОЕНА ЛАБОРАТОРИЯ КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА АТМОСФЕРНОГО ВОЗДУХА

В ближайшие три года в Zhubanov University откроется лаборатория по мониторингу качества атмосферного воздуха в Актобе и обнаружению его токсичных веществ. В течение последних двух лет доцент кафедры «Химии и химических технологий», кандидат технических наук Лаззат Тастанова вместе с магистрантами образовательной программы «Химической технологии органических веществ» и учеными Назарбаев Университета (NU) изучали состав хрома и другие металлы в атмосфере Актобе. Такие же измерения проводятся в Нур-Султане.

В рамках совместного исследования доцент Назарбаев Университета Mehdi Amouei Torkmahalleh и его ученик, докторант Школы химического машиностроения NU Enock K. Adotey недавно привезли в Актобе еще одно оборудование для забора проб и контроля качества атмосферного воздуха. Ранее аналогичное устройство было установлено на крыше главного корпуса имени М.Арына Zhubanov University. Столичные исследователи встретились с исполняющим обязанности ректора вуза Рахымом Бекназаровым, представили процесс организации совместной работы и планы дальнейших исследований. Новое оборудование будет установлено и испытано в течение 10 дней.



## A LABORATORY FOR AIR QUALITY CONTROL WILL BE BUILT

In the next three years, a laboratory for monitoring ambient air quality in Aktobe and the detection of its toxic substances will open at Zhubanov University. Over the past two years, Associate Professor of the Department of Chemistry and Chemical Technologies, Candidate of Technical Sciences Lazzat Tastanova, together with undergraduates of the educational program "Chemical Technology of Organic Substances" and scientists from Nazarbayev University (NU) studied the composition of chromium and other metals in the atmosphere of Aktobe. The same measurements are being carried out in Nur-Sultan.

As part of a joint study, Nazarbayev University associate professor Mehdi Amouei Torkmahalleh and his student, doctoral student at the NU School of Chemical Engineering Enock K. Adotey recently brought another equipment for sampling and air quality control to Aktobe. Earlier, a similar device was installed on the roof of the main building named after M. Aryn Zhubanov University. The metropolitan researchers met with the acting rector of the university, Rakhym Beknazarov, presented the process of organizing joint work and plans for further research. The new equipment will be installed and tested within 10 days.

## АҚТӨБЕНІҢ ӘЗ-НАУРЫЗ КӨШЕСІ

Тәуелсіздік жылдарының бір жемісі ретінде ономастика мәселесі терең қозғалып, соның ішінде қала көшелерінің аттарын ретке келтіру жұмыстарының қызу жүргенін айтуға болады. Ақтөбе қаласында 5 жыл аралығында, 2005-2010 жылға дейін 200-ден аса көше жаңа атау алып және қайта аталыпты. Соның бірі — әз Наурыз көшесі.

Жаңа атаулар халық тарихынан сыр шертеді, сол арқылы жас ұрпақтың салт-дәстүрін сақтап, құрметтеуге, Отанға, туған жерге деген елжандылық сезімге тәрбиелейді.

Бүгінгі таңда Ақтөбе қаласының аумағы бойынша 626 көше бар. Оның 300-ден астамы қазақ тіліндегі атауларға ие.

## УЛИЦА АЗ-НАУРЫЗ ГОРОДА АКТОБЕ

Одним из положительных изменений независимости стало решение проблем ономастики, в том числе работа по переименованию городских улиц. За 5 лет, с 2005 по 2010 год, в Актобе более двухстам улицам были присвоены имена или переименованы. Одна из них — улица Аз-Наурыз.

Новые названия рассказывают истории людей и событий, тем самым сохраняя традиции для подрастающего поколения, воспитывая в них чувство патриотизма. Сегодня в Актобе 626 улиц. У более 300 из них казахские названия.



## AZ-NAURYZ STREET OF AKTOBE CITY

One of the positive changes in independence was the solution to the problems of onomastics, including the work on renaming city streets. For 5 years, from 2005 to 2010, more than two hundred streets in Aktobe were named or renamed. One of them is Az-Nauryz Street.

The new names tell the stories of people and events, thereby preserving traditions for the younger generation, instilling in them a sense of patriotism.

Today there are 626 streets in Aktobe. More than 300 of them have Kazakh names.

# ☑ Person of the month

**Zhubanov University өңірлік университетінде «Үздік әдіскер-оқытушы-2021» байқауы өткізілді. Мақсаты профессорлық-оқытушылық құрамның білім беру қызметіндегі табыстары мен жетістіктерін ынталандыруды арттыру және оқу процесін сапалы ұйымдастыру тәжірибесін насихаттау болған байқау екі кезеңнен тұрды. Оған 8 факультеттен І-ші кезеңге қатысқан 31 үміткердің оқу-әдістемелік қызметтерін бағалаудың критерийлеріне сәйкес байқаудың ІІ-ші университетішілік кезеңіне факультетішілік комиссия шешімі негізінде 23 оқытушы жіберілді. Байқаудың жалпы жүлде қоры 1 000 000 (бір миллион) теңгені құрады. Байқау комиссиясын Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Бибігүл Абенова басқарды. Комиссия мүшелігіне Оқу-әдістемелік жұмыстар және қашықтықтан білім беру орталығының жетекшісі А.Н.Кадиркулова, Ақтөбе облыстық ғылыми-әдістемелік орталығы директорының м.а. Д.У.Жаманбаева, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент З.У.Имжарова, Zhubanov University өңірлік университеті бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы, педагогика магистрі О.Қ.Сұлтанғалиева сияқты тәжірибелі әдіскер мамандар енді. Байқаудың финалдық кезеңінде қатысушы оқытушылар оқу-әдістемелік қызметі бойынша оқу жылына арналған жеке жұмыс жоспарымен таныстырып, университеттің оқу-әдістемелік жұмыстарын ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстарын айтып, жаңа идеяларын өрнектейтін авторлық жоба презентациясын жасады. Байқау қорытындысында кәсіби-шығармашылық факультетінің «Бейнелеу өнері және сызу» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика магистрі Гүлжанат Кемалова, педагогика факультетінің «Педагогикалық-психологиялық және арнайы білім беру» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика магистрі Айгүл Рыстығулова, физика-математика факультетінің «Информатика және ақпараттық технологиялар» кафедрасының оқытушысы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі Нұршат Наурызова, филология факультетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасының оқытушысы, PhD Айнұр Кушкимбаева, тарих факультетінің «Тарих және дінтану кафедрасының» доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Асылбек Маден, техникалық факультетінің «Көлік техникасы, тасымалдауды ұйымдастыру және құрылыс» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Жадыра Шильмагамбетова Zhubanov University өңірлік университетінің ең үздік әдіскер-оқытушылары болып танылып, ақшалай жүлдемен марапатталды. Қалған қатысушыларға Басқарма төрағасы-ректордың м.а. Рахым Бекназаровтың Алғыс хаты және Бастауыш кәсіподақ ұйымының қолдау сияпаттары табысталды.**




Төмендегі сұхбат үздіктердің үздігі Гүлжанат Балтабекқызы Кемаловамен жазылды. Жас оқытушы байқаудағы жеңісі, ұстаздық ой-толғамдары жайлы сырласады.

**— Әңгімені сіздің жақында қол жеткізген табысыңыздан бастасақ. Ең үздік әдіскер-оқытушы атандыңыз. Байқауға ұсынған жұмысыңыз жайлы айтыңызшы. Көргендер қай тұсына қызықты деп ойлайсыз?**

— Оқытушы болу жай қызмет емес. Ол — адам өміріне бағдар беруші. Егерде қоғамға бейім болып, білім нәрімен терең сусындап, тәрбиелі де ізгі жүрекпен, алдыма үлкен мақсаттар қойып және соған жетуге талпынып, талапшылдықпен, жауапкершілікпен, мақсаткерлікпен алға аттасам — бұл менің өмірімнің ең шынайы мәні. Мен — педагогпын, келешектің сәулетшісімін. Мұны мақтаныш сезіммен айта аламын. Менің шәкірттерім туған еліміз — тәуелсіз Қазақстанның толыққанды азаматы болып шықса, осылайша білім саласының біліктілігін көрсете білсем, «қадам басқан адам ғана жолды бағындыратындығын» дәлелдей алсам, өзімнің де кеменгер ұстаздарымның есімін асқақтатып жүрсем, айналама сыйлы бағам болса, бұл маған — мәртебе.

Назарды байқауға аударсақ, берілген ережеге сәйкес шараны ұйымдастыру және өткізу тәртібі екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезең — факультетішілік, екінші кезең — университетішілік.

Факультет ішінен топ жарып, екінші кезеңге өткенімде қатты қуандым. Бірақ университетішілік екінші кезеңнің талаптары әлдеқайда жоғары еді.Себебі онда университеттің оқу-әдістемелік жұмыстарын ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде жаңа ұсыныстар мен идеялар – авторлық жоба презентациясын көрсету, сондай-ақ оқу үрдісінде қолданылатын оқу-әдістемелік, ақпараттық құжаттардың үлгісінің әзірлемесін дайындау тиіс болды.

Менің байқауға ұсынған жобамның тақырыбы «Заманауи Digital-оқытушы» online meet up ұйымы желілік кәсіби қоғамдастық құру құралы ретінде» деп аталды. Бұл жерде қазіргі желілік кәсіби қоғамдастықтарға қатысу мұғалімдер мен оқытушыларға тұрғылықты жеріне қарамастан бір-бірімен байланыс жасауына, кәсіби мәселелерді бірлесіп шешуге, кәсіби білім деңгейлерін көтеруге мүмкіндік беретін және де offline және online форматта оқытудың тиімділігін арттыратын сандық құралдарды меңгеру болып табылады.

Ал, оқу үрдісінде қолданылатын оқу-әдістемелік, ақпараттық құжаттардың үлгісінің әзірлемесіне біріншіден, элективті пәндер каталогын қағазбастылықтан арылтып, Excel бағдарламасымен электронды түрғыда жасақтауды, екіншіден, студенттердің кәсіби-педагогикалық практикасының кафедра есебінің мазмұнды, қысқартылған үлгісін әдістемелік нұсқауын және үшіншіден, Б.Блум таксономиясы бойынша студенттердің қорытынды бақылау (емтихан билеті) формасына өз тарапымнан қосымша өзгеріс қосып, ұсынған болатынмын. Жалпы алғанда 12 жылдан бері кафедраның оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты жетекші міндетін атқарамын. Соның да себебі болар, осы идеялардың басыма келгені және де шешімі мен үшін айтарлықтай қиын болмағаны. «Кемені суға жіберу — бір жұмыс, ал оны жүздіру — мүлдем басқа жұмыс» екендігі белгілі, соған сай әрекет жасау керек, жауапкершілікті сезіну керек, жалпы алғанда әрекет түбі — берекет деп бекер айтылмаса керек. 2009 жылдары осы әдістемелік жұмыстардың жетекшісі етіп тағайындаған, жастығыма қарамай, маған сенім білдірген кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты Мергембай Сейпілмәлікұлы Қорғамбековке алғысым шексіз. Байқаудағы жеңісім тілектес болған ұжымым, ұстаздарым — Еуразия дизайнерлер одағының мүшесі Қонысбек Райсұлын, ҚР суретшілер одағының мүшесі, доцент Есенгулов Жәнібек Құттықожаұлын, ҚР суретшілер одағының мүшесі Шоқан Қалиұлын, аға оқытушы, магистр Гүлжан Мақатқызын, аға оқытушы, магистр Кудасова Гүлмира Жеңісқызын ерекше атап кеткім келеді. Сонымен қатар өнердің нәзік тұстарына бойлатқан марқұм ағайым, ҚР суретшілер одағының мүшесі Тағыберген Қайрақбайұлының орны мен үшін ерекше дер едім.

**— Оқытушының сабағын қызықты өткізуіне не нәрсе басты себепші? Сіздің байқаудан жоғары баға алған оқыту әдісіңіз білім алушылар үшін де тиімді болатын сияқты...**

— Шәкіртті сабақта түсініп оқуға қызықтыратын — ұстаздың өзі, оның педагогикалық шеберлігі. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты білім алушыға жеке тұлға ретінде қарап, оның жан-жақты дамуына көп көңіл бөлу. Пәнді оқыту оқытушыдан зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол студенттің бүкіл қажеттілігіне жауап беруі керек. Осы жағдайда жаңа технологиялардың көмегі зор. Сабақ барысында педагог АКТ ресурстарын пайдаланғанда оқытудың көптеген жетістіктеріне қол жеткізе алады. Мен кафедрадағы әріптестеріммен бірге отырып сабаққа дайындалу арқылы жақсы нәтижеге қол жеткіземін және бұл тек қана міндеттерді бөліп беру мен уақытты үнемдеу ғана емес, сонымен қатар берілген материалдардың сапасын да арттырады. Жалпы оқытушы әр уақытта оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын меңгеріп, оны қолдану арқылы өзінің материалдық базасын толықтырып, әрі уақыттан ұтады. Бүгінгі таңда ақпараттық технологияның өмірімізге терең енуіне байланысты жеке пән сабақтарында компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін толық пайдаланып, студенттерге терең де тиянақты білім беруге жағдай жасалған. Студенттер сабақта арнайы компьютерлік бағдарламалар мен электрондық ресурстар арқылы кез-келген тақырыпты өздері меңгереді. Бұл студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізеді.

Әр сабақ — ұстаздың шығармашылық жұмысы. Сондықтан сабақты студенттің есінде қалатындай етіп, түрлендіріп отырған жөн. Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында студентердің білім деңгейін тереңдету, ғылыми тұрғыда дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, ойлау қабілетін, сөйлеу шеберліктерін арттыру жолында жаңа интерактивті әдістерді тиімді пайдалану ұстаз шеберлігін шыңдай түседі.

**— Әлемдік пандемия білім беру саласына көп өзгеріс енгізді. Оқытушы карантиндік шектеулерде үйінде отырып сабақ оқытуға мәжбүр. Сіз қалай үйрендіңіз? Дәстүрлі оқытудан гөрі қазір кейбір оқытушылар пайдалана бастаған геймификация құралдарын( TikTok, Netflix, Instagram т.б. платформалар) қолданасыз ба?**

— «Өмірдің екі тірегі», — бар деген ғой ұлағатты тұлға Д.Қонаев ағамыз, олар: «үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау». Сол секілді қашықтан оқыту екі түрлі тәсілмен жүзеге асырылды – синхронды және асинхронды. Толықтыра кетсем, синхронды оқыту жүйесінде біздегі ең басты платформа – ZOOM (қосымша платформалар қолданыста болғанын да ескере кеткен жөн). Мұнда, оқытушы мен студент арасында нақты белгіленген уақыт бойынша сабақтар өткізілді. Кері байланыс орнатуда, топтық ұйымдастыруда, бастысы, видеобайланыс арқылы байланыс жасауда орасан зор мүмкіндіктер туғызды. Екіншісі, асинхронды, яғни, кешіктірілген байланыс. Мұнда, универ жүйесі, электронды почтаны қолдану секілді құралдар басым рөл атқарады. Осының барлығын есепке ала отырып, қарқынды жұмыстар атқарылды. Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған кезеңде бұл қиындықтан өту аса бір кедергі туғызбады деуге болады. Үйренемін деген адамға сансыз мүмкіндіктер мен әдістер толып жа-

# Келешектің сәулетшісімін

тыр. Тек педагог өзіне ұтымды тұсын деп тани алуы керек.

Ал, геймификация — танымал бағыт екендігі көпке белгілі. Заманауи білім кеңістігінде game, яғни ойын арқылы жеткізу әдіс-тәсілдері кеңінен қолданылады. Бұл әдісті қажет болған жағдайда, тәрбиелік, сонымен қатар астарлы мәні мен мағынасы болса ғана енгізуді қолдаймын. Әлемдік аренада бұл әдіс қазіргі мобильді заманда, ақпараттық құралдар секілді өркендеп тұрған кезде кеңінен қолданыста деп ойлаймын. Әдетте оқыту — күрделі әрі ұзақ мерзімді үдеріс. Бүгінде адами капиталға үлкен мән берілуде. Уақыт ағымындағы дүниенің тағы бір өзектісі – мотивация. Жастар жаны бір сарындылықтан гөрі мақтауды, сабақтың өзгеше, қызығырақ өткендігін талап етеді. Алайда, сабаққа, студентті оқытуда сіз айтып отырған платформаларды, Tik Tok, Instagram секілді әлеуметтік құралдарды араластыруды қолдамаймын. Көпшілігі арзан дүниенің ізін қуған, мағынасыз, үлкен-кішінің санасын улайтын жайттар деген пікірдемін. Арасында бар әрине, бір-жарлы көңіл аударатындары. Мен керісінше, тәрбиеленушіге басқа да оңтайлы, жаңартылған білім беру мазмұнындағы әдіс-тәсілдерді ұсынар едім. Мысалы, қашықтан ойналатын ойындар, топтық жұмыстар. Өзіме келсем, оқыту әдістерінің пайдалы тұстарын ғана бағамдап қолдануға тырысамын. Дегенмен, әрбір істі бастар алдында «болашақтың тұтқасын, еліміздің ертеңін» тәрбиелеуде қызмет атқарып жүрген педагог екенімді ұмытқан емеспін.

**— Шәкірт есінде мәңгі қалатын, ұмытылмас педперсоналар бар. Мүмкін өзіңіз де мысал айта аларсыз. Үлгі тұтатын ұстазыңыз болды ма? Несімен ерекше еді?**

— «Ұстаз — ұлы есім» деген ғұлама Мұхтар Әуезов. Қай жағынан алса да үлгі болатын, жүрген жерін гүлдендіретін, шәкірттерін нағыз маман етіп тәрбиелейтін, керек десеңіз, өмірде жан-жолдас болатын, ақылын айтып қанаттандыратын тұлға. Әрбір ұстаздың ұстамы ерекше, есімдері жүректерден ойып тұрып өшпестей орын алатын ұлылар. Осы орайда, «Өмірдегі қадірлі орын — мұғалімдікі», — деген Мағжан Жұмабаев есіме түсіп тұр. Қазақтың алғашқы ұстазы Ыбырай Алтынсаринді тілге тиек етпей кете алмаймыз. «Тұмсықтының тамағы, Шоқуменен табылар, Өнер-білім дегенің, Оқуменен табылар». Осы өлең құдды бір ұранды сездей, жатқан жерден тұрғызып, еңбекке шақырардай. Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе — ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде. Байқағаныңыздай, сара жолын даралап, ұстаз деген жауапкершілікті арқалап жүрген жандардың барлығы өзіндік үлгі. Осындай тұлғалардың өмір-жолын, оларды құрметтей білу керегін дәріптейтін бір шығарма ойыма оралып отыр. Шыңғыс Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» шығармасы. Ұстазға деген ризашылықты кіршіксіз бейнелеген туынды. Санада сақтайтын, оқытуда ескеретін, жалпылай алғанда өмірде көмекші болатын істерді айқындап, үлгі көрсеткен. Құлақпен естігенше, бір рет, жоқ, мың рет қолға ұстап, көзбен көруге тұрарлық шығарманың бірі. Мамандығыма байланысты ұстаз есімдері бір бөлек. Шығармашылық жұмыстарынан тынысым ашылып, астарындағы асылды іздеуге талпынатынмын. Әбілхан Қастеев, Айша Ғалымбаева, Гүлфайруз Ысмайлова, Құлахмет Қожықов секілді ардақтылардың, өз ісінің шеберлерінің туындыларының өзі қараңғыда жарық, шабыт үстіне шабыт болып қосылады. Суретшілер болса да ұстаздықта дара жолды жандар. Тіпті қолдарынан шыққан туындыларының өзі кейде жан бітіп, ұстаздық шамшырақ сияқты әсер етеді.

Шынтуайтына келгенде, дүниеге әкелген ардақты анам — менің ең жақын ұстазым. Қазір ойланып қарасам, қанша баласына өмір беріп, бағыт сілтеген, еркелігімізге шыдаған нағыз педагог. Ақ пен қараның ара жігін ажыратуға үйретіп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай қамқор болған, бізді дұрыс тәрбиелеген алғашқы ұстазым!

Ал ең басты, көз алдымда ұстаз келбетін қалыптастырған атам Елебаев Нұртуған Елебайұлы. Ақтөбе қаласына 90-шы жылдары келген кезде, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарды. Еңбек жолында өте ізденімпаз, ұстаз атаулының бойындағы ұстамдылықты, адамдар арасындағы сыйластықты, қоғамдағы өз орнын маңдай терімен қалыптастырған, үлгі тұтатын тұлғам болатын. Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен тарихтағы ең ұлы істің бірі екендігін ұғындырған жан! Болашақ кәсібімді адаспай табуыма себепші болған осы асыл атам.

Адамгершіліктері асқақ, әрдайым үйретуден жалықпаған, білікті мамандар ұстаздарым – жоғарыда есімін атап өткен кафедра меңгерушісі п.ғ.к М.С.Қорғамбеков, п.ғ.д., профессор Т.К.Мусалимов, п.ғ.к., профессор Г.Р.Бахтиярова, п.ғ.к. профессор Л.Б. Алекешова, Еуразия дизайнерлер одағының мүшесі Қ.Р.Қобланов, ҚР суретшілер одағының мүшесі, доцент Ж.Қ.Есенгулов, аға оқытушы, магистр А.Т. Сисенова. Шығармашылық қабілетімнің артып, кәсіби тұрғыдағы деңгейімнің өркендегеніне осы кісілерден алған үлгім себепші.

**— Кәсіптен бақытын тапқан жан ғана кәсіби дами алады. Мен сізді солай қабылдап отырмын.**

— Мамандық таңдау — өмірдегі ең үлкен қадам. Мұғалімдіктің асқарында тәрбиеде де, шыншылдық та, адамгершілік те, ғылыми даму да, жауапкершілік те жатыр. Болашақта алған білімін өзіне және қоғам игілігіне жұмсай алатын азамат болып шығу тікелей ұстазға байланысты. Расы керек, сан саланың ішінен жүйрік атанып жүріп, жүрегімнің қалауы осы болды. Мәнінде қаншама еңбек, білім беруге төгілген тер, ұлт болашағына тигізер пайдам жатыр, жалпы негізде айтсам тек қана жақсылықтың жаршысы болғандықтан болу керек, жаныма жақындығы. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін педагог мамандығын таңдауда қателеспедім деген ойдамын.

Алтын қолды, ақ халатты дәрігерлер отбасында дүниеге келдім. Сондықтан менің неге дәрігерлік кәсіпті таңдамағаным жайлы жиі сұрақ қойылады. Ондайда қысқаша жауап беремін, адам жанының арашасы болған дәрігерлерді де бір кезде ұстаз тәрбиелеп, оқытты. Ұстаздық мен үшін ұлы кәсіп. Бұл кәсіптің шеберлерінің бәрі бақытты. Өзіңіз атап өткеніңіздей, бақыт сыйлаған мамандықта кәсіби дамудың болуы табиғи процесс.

Атап өткенімдей бұл салада үлгі тұтатын жандар көп. Тағы да, осы жолы мақтанышпен атам Нұртуғанның еңбек жолына қысқаша шолу жасай кетсем. Себебі осыны айта отырып, нағыз кәсіби дами білген, білім саласында айырықша үлес қосқан тұлғаны көрсете отырып, кәсіптен бақытын тапқан жан туралы ой түйіндегім келеді. Атам 1980 жылдары Ресейдің Ростов-на-Дону қаласында ғылыми кандидаттық еңбегін биохимия саласында қорғаған. Ол кезде ғылыми дәрежені қорғап шығудың өзі қол жетпес дүние еді. Кейін бірден 81-ші жылдары Атырауда (Гурьевте), пединститутта «Биохимия» кафедрасының меңгерушісі болып қызметін бастайды, осында 10 жылдай жұмыс жасады, сол кезде факультет деканы қызметін атқарған Ғалымжан Жұмабайұлы Нұрышевпен қызметтес болыпты. Кейін Ақтөбе педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі болып, зейнет жасына жеткенше қызметін жалғастырды.

**— Өмірдерегіңізге қарап отырсам Арал теңізінің бойында туыпөсіпсіз. Арал трагедиясы жайлы не білесіз? Мұны айтқаным, сіз туған жылдары теңіз әлдеқашан ернеуінен көз жетпес қашықтыққа «қашып» кеткен болуы керек.**

— Арал теңізі – Қазақстанның інжу-маржаны, шөл белдеміндегі бірден-бір көгілдір су айдыны болатын. Біз естіген, көрген деректерде бірнеше факторлар себеп болып көрсетілген. Олардың бірсарыны: жергіліктi жердің тарихи-табиғи ерекшеліктерін ескермеу, ауыл шаруашылығын дұрыс жоспарламау, судың қорын есепке алмау, суды өте көп қажет ететін күріш, мақта дақылдарын барынша көбейтіп жіберу, суды үнемді пайдаланбау, табиғат ресурстарын пайдалануда жіберілген қателіктер мен оны меңгерудің ғылыми тұрғыдан негізделмеуі деп жатады. Алайда, байлығымыздың көз алдымызда ернеуінен қашып, көз алдымызда солып бара жатқандығы менің ғана емес, бүтін бір елдің, тіпті қоғамның қабырғасын қайыстырып отырғаны сөзсіз. Қазіргі кезде Аралды құтқару бағытында батыл да жоспарлы түрде ғылыми негізде жұмыстар жасалып жатқандығы қуантады. «Арал тағдыры — адам тағдыры» болғандықтан бұл туралы ой қорытудың өзі аса бір зілді. Әлем назарындағы су байлығымыздың қойнауы толып, қазынасы үлкейетіндігіне сенемін.



**Сұхбатты жүргізген**
**Гүлнара ҚАРАША**

## 30 years of independence of Kazakhstan



В свой 30-летний юбилей Казахстан отмечает ещё одну знаменательную дату — 155-летие видного общественного и государственного деятеля, организатора и лидера национально-демократической партии «Алаш», ученого и талантливого публициста XX века Алихана Букейханова.

Он известен истории как сын степей, отдавший жизнь для создания единого Казахского государства.

Алихан Букейханов родился 5 марта 1866 года в Семипалатинской области. Получал образование в Омском техническом училище и Санкт-Петербургском Императорском Лесном институте. Работал преподавателем в сельскохозяйственном училище города Омска, служил чиновником Омского переселенческого управления. В 1905 году А. Букейханов был избран депутатом в I Государственную думу (Российская империя) по Семипалатинскому округу. В тот же год началась его активная политическая деятельность. Он начинает выдвигать позиции и требования народа императорской власти. Вместе с подвижниками, интеллигенцией того времени, издают газету «Казах», которая в последующем стала печатным органом партии «Алаш». В 1917 году Букейханов возглавил партию и правительство Алашорды. Помимо политики, занимался научно-исследовательской деятельностью - восстановил образцы устного творчества, фольклорного наследия, написал труды по истории, этнографии, литературе. С приходом Советской власти трижды арестовывался за свою активную работу, в 1937 году ему назначили высшую меру наказания. Короткая жизнь Алихана Букейханова, полная смысла, до сих пор является символом независимого духа казахского народа.

На первом заседании Государственной комиссии по подготовке к празднованию 30-летия Независимости РК Президент РК Касым-Жомарт Токаев подчеркнул, что мероприятия к 30-летию Независимости должны дать духовный импульс для всего народа. «На этот юбилейный год приходится несколько знаменательных дат: 175-летие Жамбыла Жабаева, 155-летие Алихана Букейханова, 150-летие Хаджимукана, юбилеи других исторических личностей. Их личностный облик и жизненный путь, их труды оказали большое влияние на наше мировоззрение. Этот опыт следует и впредь использовать», – отметил Касым-Жомарт Токаев.

В Zhubanov University также приступили к подготовке к популяризации юбилея главного алашординца Алихана Букейханова. Студентами был воссоздан образ политика прошлого столетия.

Предлагаем читателям статью профессора, академика НИА РК, общественного деятеля Ерлан Арына, посвящённую деятельности А. Букейханова.

# АЛИХАН БУКЕЙХАНОВ. ТРАГЕДИЯ ЛИЧНОСТИ И ДРАМА НАРОДА



**Ерлан АРЫН**
**Профессор, академик НИА РК, общественный деятель**

Одной из знаменательных дат текущего года стало 155-летие великого сына казахского народа Алихана Букейханова. Личность Алихана Букейханова слишком неординарна, чтобы ограничивать ее узкими рамками историографии, окрашенными в черные или розовые тона.

Он жил, творил, боролся, совершал открытия в эпоху перелома двух миров, великих авантюр и идей, бурь и революций, братоубийственных войн и террора, больших надежд и горьких разочарований. Сливаясь с нею в общем историческом фоне, он в то же время был одним из ее творцов, который понимал ее по-своему, и часто с большей долей проницательности, чем его многие современники. Он никогда не нуждался в историческом культе и громогласном восхвалении, потому что был противником всяческих культов.

С самого рождения на Алихана были наложены определенные моральные и социальные обязательства, которые касались его происхождения как представителя высшей казахской аристократии и прямого потомка Чингизхана.

Отличные успехи в учебе и безупречное поведение, полученное им превосходное образование предопределили его становление как публициста и ученого. Русско-казахская средняя школа и сельскохозяйственная школа в Каркаралинске, Омское техническое училище и Санкт-Петербургский лесотехнический институт стали фундаментом профессиональной и политической деятельности одаренного молодого человека.

Санкт-Петербург для многих представителей интеллигенции того периода, в том числе и для Алихана Букейханова, представал не только как город - своего рода культурное и научное Эльдорадо, но и как город политического свободомыслия. Именно поэтому, находясь в Северной Пальмире, он стал активным участником митингов и политических собраний, в которых шлифовалось его политическое «я». Идея либеральной демократии захватила его, и он вступает в ряды партии Народной свободы. После окончания в 1894-м году института Алихан Букейханов не только прошел «первый курс политической школы», но и сформировался как перспективный ученый-исследователь.

Наиболее наглядно это проявилось во время работы по исследованию его родного Каркаралинского уезда вместе с Мажитом Чумбаловым, Иваном Гусевым, Сатыбалдиным и участия в экспедиции, которой руководил Федор Щербин. На этом этапе ярко раскрываются многогранные аспекты его таланта как прекрасного знатока этнографического быта, традиций и культуры казахского народа.

Очень ценными являются его взгляды на этимологию слова «казах», понятия «Сарыарка», толкование поэмы «Козы-Корпеш-Баян». В итоге он стал автором раздела о этнокультурных особенностях «киргизского края» в фундаментальной 18-томной энциклопедии «Россия. Полное географическое описание нашего отечества».

Прогностичность его экономических взглядов получила оформление в труде «Овцеводство в степном крае», который был опубликован в 1904 году. Алихан Букейханов подвергает жесткой оценке дискриминационный и несправедливый характер переселенческой политики царского правительства, при этом акцентируя внимание на проблемах экологического порядка, что по тем временам было достаточно необычно. В частности, почти за сто лет до массового освоения целинных земель он предупреждал о катастрофических экологических последствиях в случае их распашки, что в конечном счете и произошло на практике.

Что касается политического роста Алихана Букейханова, то одним из самых переломных моментов в его жизни был 1905 год, который определил траекторию его становления как крупного политического деятеля. Неудавшаяся революция дала казахской интеллигенции мощный импульс к действию, который вылился в знаменитую встречу на Кояндинской ярмарке 26 июня 1905 года и принятие на ней Каркаралинской петиции. В составлении петиции принял самое активное участие и Алихан Букейханов. Этот документ можно назвать манифестом о независимости казахского народа.

Бурная политическая деятельность Алихана Букейханова сопровождалась чередой побед и неудач. Арестованный в начале 1906 года, через четыре месяца он выходит из тюрьмы в качестве избранного депутата первой Государственной Думы. Трибуна Государственной Думы им была использована для институциона-

лизации и решения коренных проблем степняков и в первую очередь переселенческого и земельного вопросов, поднятия образовательного и культурного уровня «туземного» населения. Но все его попытки оказались тщетными. А сама Дума в 1907 году была распущена, и ее депутат Алихан Букейханов получил статус «неизбираемого», лишенного права участвовать в выборах. Однако это его не останавливает и, более того, подстегивает к еще более активной и бурной общественно-политической деятельности.

Из-под его пера выходят знаковые публикации-размышления, названия которых говорят сами за себя: «Третья Дума и казахи», «К казахскому народу», «Думские партии», «К сыновьям Алаша», «Август Бебель», «Киргизы». Главной трибуной для него стала газета «Казах», в создании которой вместе с ним принимали участие Ахмет Байтурсынов и Мыржакып Дулатов. Кто мог знать, что судьба в будущем разведет их в противоборствующие лагеря... Но уже тогда он казахскую интеллигенцию делил на две группы: пантюркистов и западников. Очевидно, что активное участие Алихана Букейханова в деятельности партии кадетов подсказывает его отношение к западникам.

Заметное и авторитетное положение крупного политика предполагало в тот период соблюдение определенного стиля политического общения. Поэтому вхождение Алихана Букейханова в масонское братство не вызывает большого удивления или какого-то порицания, ибо масонские ложи того времени, по сути, были типичными политическими клубами, своеобразными английскими котериями.

Наверно, неслучайны были в этой связи его три таинственные встречи с членом масонской ложи «Полярная звезда», будущим главой Временного правительства Александром Керенским в 1911 и 1915 годах. Однако это не оправдало его надежды на поддержку с их стороны вопросов казахского самоуправления, и, более того, его взгляды перерosли в неприятие ряда программных положений партии кадетов. Он принимает решение о выходе из партии. Этим шагом была закрыта одна из главных страниц в его политической деятельности.

1917 год ознаменовался появлением на политической арене партии «Алаш». И уже в декабре того же года Алихан Букейханов избирается председателем правительства «Алаш-Орды». Политическая деятельность Алихана Букейханова фактически формирует фундамент государственного обустройства казахской степи, предвосхищает будущее независимого Казахстана.

Усиление позиций советской власти не только раскололо на две группы лидеров «Алаш-Орды», но и вынесло приговор как самому правительству, так и его активным членам. Принятая большевиками амнистия алашординцам стала для них «политической казнью». Алихан Букейханов так и не стал для новой власти «товарищем», неся на себе печать «националиста».

Научная, издательская и переводческая деятельность, экспертные консультации по вопросам Востока, работа в Центральном музее литературы в Москве, все попытки советской власти стереть политическое имя выдающегося государственного деятеля не притупили к нему народную любовь и его общепризнанный авторитет.

С 1922 года он дважды арестовывается и обвиняется в контрреволюционной деятельности, и все это делается с целью заставить замолчать, предать забвению его честное имя. То, что не удалось сделать в двадцатых, советской власти удалось в тридцатые. В тридцать седьмом году он обвиняется по статьям как «враг народа», и это несмотря на то, что ему шел тогда уже 71-й год. В сентябре того же года он был расстрелян, но до сих пор точно неизвестно, где его могила. Есть предположение, что он похоронен на Калитниковском кладбище.

Но забвение не коснулось его имени. Память о нем сохранилась в казахском народе.

Алихан Букейханов боролся за свои идеи и погиб за них, как многие другие выдающиеся представители казахской интеллигенции. Но, погибнув, он остался победителем, так как его надежды, мечты и идеи, связанные с созданием казахской государственности, воплотились в реальность.



**Страницу подготовила**
**Айерке Султанбекова.**

# ☑ Main news

## GOOGLE TRANSLATE ДАУЫСТЫҚ АУДАРМА ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ РЕСМИ ТҮРДЕ ПАЙДА БОЛДЫ

Қызмет барлық құрылғыларға арналған браузер арқылы қол жетімді, қосымшада бұл инновациялық жоба әзірге iOS платформасында жұмыс істейді.

«Google Translate-те сөздерді және сөйлемдерді танитын Voice recognition жүйесі қазіргі уақытта тек iOS құрылғыларына арналған қосымшада қол жетімді. Кез-келген басқа құрылғыда қызмет браузер арқылы жүзеге аса алады. Жақын арада қосымшаны Android үшін, сонымен қатар десктоп-нұсқа жаңарту күтілуде», — делінген «Қазақстан Beeline» компаниясының баспасөз қызметінің хабарламасында. Бұл ісі 2012 жылдан бастап Google + Kazakh жобасын Google Translate командасының қолдауымен Ұлттық аударма қоры (бұрынғы WikiBilim) жүзеге асыруда. Грантты қаржыландыруды Beeline Қазақстан ұсынды.



«Тілді дауыспен тану сөйлеуді аударуды ғана емес, сонымен қатар тілдің машиналық оқыту мен жасанды интеллекттің барлық заманауи жүйелеріне енуін білдіреді. Тану сапасы қолдану жиілігіне байланысты өседі, адамдар бұл технологияны неғұрлым жиі қолданса, соғұрлым ол тез дамып, жақсарады», — дейді «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының атқарушы директоры Рауан Кенжеханұлы.

## КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК ОФИЦИАЛЬНО ПОЯВИЛСЯ В СИСТЕМЕ ГОЛОСОВОГО ПЕРЕВОДА GOOGLE TRANSLATE

Сервис доступен через браузер для всех устройств, в приложении этот инновационный проект работает на платформе iOS.

«Voice recognition, который распознает слова и фразы в Google Translate, в настоящее время доступен только в приложении для устройств iOS. На любом другом устройстве услуга может быть выполнена через браузер. Ожидается, что приложение скоро будет обновлено для Android и декстоп-версии», — говорится в сообщении пресс-службы «Билайн Казахстан». С 2012 года казахстанский проект Google + Kazakh реализуется Национальным переводческим фондом (ранее WikiBilim) при поддержке команды Google Translate. Финансирует грант Beeline Kazakhstan.

«Распознавание голоса означает не только перевод речи, но и проникновение языка во все современные системы машинного обучения и искусственного интеллекта. Качество распознавания повышается с частотой использования, чем больше людей используют эту технологию, тем быстрее она развивается и совершенствуется», — рассказал исполнительный директор общественного фонда Национального бюро переводов Рауан Кенжеханулы.

## KAZAKH LANGUAGE OFFICIALLY APPEARED IN GOOGLE TRANSLATE VOICE TRANSLATION SYSTEM

The service is available through a browser for all devices; in the application, this innovative project runs on the iOS platform.

«Voice recognition, which recognizes words and phrases in Google Translate, is currently only available in the app for iOS devices. On any other device, the service can be performed through a browser. The app is expected to be updated soon for Android and desktop versions,» — said in the message of the press service of «Beeline Kazakhstan». Since 2012, the Kazakh project Google + Kazakh has been implemented by the National Translation Fund (formerly WikiBilim) with the support of the Google Translate team. Financed by a grant from Beeline Kazakhstan.

«Voice recognition means not only translation of speech, but also the penetration of language into all modern systems of machine learning and artificial intelligence. The quality of recognition increases with the frequency of use, the more people use this technology, the faster it develops and improves», said Rauan Kenzhekhanuly, Executive Director of the Public Foundation of the National Translation Bureau.

☑ Nauryz holiday-2021

# Қазақтың наур

**22-наурыз мейрамына бірнеше мың жыл деп шамаланады. Қазақстан Наурызды мемлекеттік м
өтіп келеді. 2008 жылғы маусымның 25-індегі «Қазақстан Республикасындағы мереке күндері турал
енгізіліп, Наурыз мейрамы 2009 жылдан бастап 3 күн тойланатын болды. Өкінішке қарай өткен жы
әлемге төндіріп отырған қаупіне байланысты Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы (ДДСҰ) пандем
кесі дәрежесінде өткізілмей отыр. Сондықтан қазақтың Наурызы жайлы ерек ойлар мен пікірлер то
лып отырмыз.**



## Ұлы күнді ұлықтау

**(«Қазақ» газетінің Наурыз мейрамын қалай дәріптегені хақында)**



**Бауыржан ОМАРҰЛЫ, Филология ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА корреспондент-мүшесі**

Бүгінгі болмысымыздың бүтін бір бөлігіне айналған Наурыз мерекесі тар жол, тайғақ кешуі көп қилы кезеңнен өткені баршаға мәлім. Мейрамның 1926 жылға дейін қазақ жерінде тойланып келгені, арада алпыс екі жыл өткен соң қайта аталып өте бастағаны айтылып та, жазылып та жүр. Алайда ілгері заманда да Наурызды үнемі өз деңгейінде мерекелеудің мүмкіндігі бола бермеген сияқты. Елдің басына түскен әртүрлі ахуал, халықтың әр алуан көңіл күйі той тойлаудан аулақтатқаны белгілі. Оның үстіне қалың бұқараны бодандықта ұстаған өктем жұрт өз бағыныштыларын ата салтынан, байырғы дәстүрінен ажыратуға тырысып бақты. Сөйтіп «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді екен. Бұл күнде бұл сөз құрбан айтында айтылады», – деп ұлы Абайдың өзі мән берген ұлыс мерекесі талай тепершіті бастан кешті.

Наурыздың ықылым заманнан бері келе жатқан ұғым екені, әр дәуірде сипаты біршама өзгеріп отырғаны туралы деректер жеткілікті. Оның атауы ең көне деген рухани құндылықтарымызда да ұшырасады. Бұл – айтулы мейрамның ғұмырының ұзақтығының дәлелі. Мысалы, қазақ күнтізбесін егжей-тегжейлі зерттеген Мыңбай Ысқақов «наурыз» сөзінің ежелден қазақ тұрмысына сіңіп кеткенін айта келіп, ертеден келе жатқан дастандардың бірі – «Қобыланды батыр» жырының мынадай үзіндісін ұсынады:

Қаз жайлауын саз деймін,
Наурыздан соң жаз деймін.
Көлден ұшқан каздаймын,
Наурыздан соңғы жаздаймын.

Осының өзі де бүкіл түркі халықтарына ортақ Наурыздың талайғы тарихы жөнінде бірқатар тұжырым жасауға жетелейді.

Ұлттың жоғын жоқтап, мұңын мұңдаған «Қазақ» газеті де ұлыстың ұлы күнін әркез естен шығарған жоқ. Басылым жыл сайын мүмкіндігіне қарай наурыз айының басында қалың елге сәлем жолдап, газет арқылы көрісіп, танымдық мәлімет беріп тұрды. Алаш жұртына кең танымал газет шығарушылар мен авторлар халықтық ұғыммен астасып кеткен бұл мейрамға баса маңыз берді. Ұлыстың ұлы күнін барша жұртқа кеңінен насихаттай отырып, мерекенің түрлі себеппен еленбей қалып жүргенін де еске салып қоюды ұмытпады. Сол арқылы оны ұлт зердесінен шығармау қажеттігін әбден санаға сіңірді. «Қазақ» газеті алғаш шыққан 1913 жылғы наурыз айындағы басқарма атынан берілген мақалада былай делінеді: «Наурыз – қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде әр елде Наурыз туғанда мейрам қылып, бас асып, қазан-қазан көже істеп, ауылдан-ауылға, үйден-үйге жүріп, кәрі-жас, қатын-қалаш, бәрі де мәз болып көрісіп, араласып қалушы еді». Осыған қарап, ұлттың ұйысуына ұйытқы болған сол кезеңде де ұлыс күнін мерекелеу дәстүрі өз деңгейінде бола қоймағанын аңғарамыз. «Қазақты» шығарушылар соны еске сала отырып, Наурыздың танымдық маңызын арттыра түсуді мақсат еткен. Мерекенің нақты күнін белгілеу мәселесін жолға қойып, ескі жыл қайыру бойынша 9-наурыздан бастау керек дегенді зердесіне жаттатуды көздейді. Осылайша дәлдей түсудің өзіндік себептері де жоқ емес. «Бұл кезде ол ғұрып, қазақ арасында қалып бара жатқан секілді, наурыздың қай айда, ай күні болуы хақында әртүрлі сөйленеді. Біреулер Наурыз марттың бірінде, екіншілер тоғызында келеді деседі, һәр жұрттың белгісі, күнде жаңа жыл туады, ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «іс жаңа жылда қайырлы болсын, жаңа бақыт нәсіп болсын», — деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып, шаттықпен өткізеді», – делінеді аталған мақалада. Осыған орай «Қазақтың» 1914 жылғы 9-наурыздағы 53-нөмірінде «Қыр баласы» деген бүркеншек атпен «Жаңа жыл» деген мақала жазған Әлихан Бөкейхан да өз пікірін білдіреді. Ол Наурыздың нақ осы күні басталуының себебін ғылыми негізден түсіндіреді. Мәселенің түп-төркініне үңіліп, бірқатар тарихи деректерді алға тартады. Алаш қайраткерінің тұжырымы «Біздің қазақ жаңа жылы мартта болғаны адасқан емес. Жаңа жыл мартта болса, күн мен түн тең болғаннан бастау керек. Ескі стильде бұл күн 9-ыншы март болады», — деп түйінделеді. Әлихан осы мақаласында ескі күнтізбе мен жаңа күнтізбенің айырмашылығын да талдап ұғындырады. XIX ғасырда екі стильдің арасы 12 тәулікті қамтығанын, бұрынғы 7-наурыздың Европада 19-наурызға сәйкес келетінін, XX-ғасырда жаңа стиль жүйесі бойынша кем дегенде бір тәулік қосылатынын, сондықтан екі стильдің арасы 13 күн болатынын айтады.

Ұлыстың ұлы күнінің наурыздың 9-ында аталатынын негіздеу тек мұнымен ғана шектелмейді. Газеттің осы мейрамға қатысты мақалаларының бәрінде де бұл мәселе қозғалмай қалмайды. «9-ыншы мартта түн мен күн теңеледі. Содан кейін күн ұзарып, жылы бола бастайды. Күн жылыға айналғаны – жазға айналғаны. Сондықтан 9-ыншы март жаз басы болып табылады... Сол тоқсанның басы 9-ыншы март болғандықтан, бұл күн «Наурыз», яғни, «жаңа күн» деп аталады», — делінеді «Наурыз құтты болсын!» деген мақалада. «Қазақ» газеті осы арқылы Наурызды, одан басқа да рухани құндылықтарды жоқтаушының рөлін атқарады.

Әлихан мен Ахмет сынды кемеңгер көшбастаушылары бола тұра ұлттың бас басылымы қашанда елмен ақылдасып, ойласып отыру дәстүрінен айныған емес. Газет басқармасы өз ұстанымдарын баяндай келіп, мәселені халықтың талқыға салуын сұрайды. Оқырмандардан ойлы пікір, ұтымды ұсыныс күтеді. «Осы туралы білетін адамдар «Қазаққа» жазса екен, біздің Жаңа жыл – Наурыз анық жылдың қай айында һәм қай күнде басталады? Біз оқушыларымызды Жаңа жылмен құттықтауға Наурыздың анық қай күні туатынын біле алмадық, ғафу өтінеміз», – деп басылымның оқушыларына ой тастайды, пайдалы кеңес қосуын өтінеді. Белгілі бір маңызды тақырыптың төңірегінде оқырманмен ой бөлісу – «Қазақтың» негізгі ұстанымы. Сөйтіп олардың баспасөзге ықыласын арттырады, газеттің шын мәнінде халықтың «көзі мен құлағына» айналуына жол ашады. «Міне, табиғаттың осындай көңілді өзгерістерінің кезеңінде біздің жаңа жылымыз Наурыз туып, ата ғұрпымызды ұмытпай, белгілі бір күнді жыл басы қылып алсақ, ұнамды іс болар еді», – деген құлаққағыс та осындай көзқарастың жемісі.

Ежелгі заманнан бастау алатын, соғдалықтар «наусарыз», хорезмдіктер «наусарджи», армяндар «навасарди», чуваштар «норас-ойахе» деп атаған Наурыздың тарихын баяндауға да «Қазақ» газеті жеткілікті көңіл бөлді. Негізгі міндеті ұлт санасын ояту болып саналатын басылым бұл турасында да өзінің ағартушылық ұстанымынан жаңылмайды. Қазақтың ұлы мерекесінің тамыры тереңде екенін оқырмандарына ұқтырып, оларды танымдық мәліметпен байыта түседі.

Әлихан Бөкейхан аталған мақаласында әлемдегі елдердің Жаңа жылды тойлау дәстүрін талдап-таразылайды. Соның ішінде бүкіл түркі жұртының ортақ мерекесі — Наурыздың тарихын да ежелгі дәуірден іздейді. Ол әр елдің жалпыхалықтық күнтізбелерге бейімде-

әжірибесіне тоқталып, ұлыс күнінің баста-
арыға жылжытады: «Біздің түрік жұрты сол
дей заманынан бері моңғолмен бірге жасап,
лас тіршілік етіп келеді. Біздің Жаңа жыл-
да шыққан жері осы айтылған екі өзеннің
рдың қолданысында – Іфрат һәм Дижле,
) өлкесіне барады-ау деймін».
Ә.Бөкейханның осы шағын ғана мақала-
ың танымдық мәліметі мол. Онда әлемдік
ізбелердің пайда болуы, оны қолдану ерек-
іктері, мән-маңызы, есептеу жүйесі туралы
ектер ұсынылған. Ол Вавилон халқы Хал-
деп те аталатынын ескертіп, «Халдей жаңа
ы жазғытұрғы күн мен түн теңелетіннен
алушы еді. Бұл күнді парсы тілінде «Нау-
» дейді, Жаңа жылдың басы дейді. Жаңа
да халық қуанып, бір-біріне гүл, жұмыртқа
лаушы еді. Парсы ақыны Хафиз Жаңа жыл
рамын неше буын қылып мақтайды», — деп
рістетеді.
асылым бетінде Наурыздың жай-жапсары
лы келе жатқан жылдың сипатымен бай-
ыстыра жазылған мақалалар да кездеседі.
алы, 1915 жылғы наурызды қарсы алуға
алған «Оренбург. 9 март» деген мақалада
ай делінеді: «Бүгін – жыл басы Наурыз. Мі-
барыс» кетіп, «қоян» келіп тұр. «Қоян» – ха-
қа жайсыз жылдың бірі. Осымен төрт «қоян-
көрейін деп тұрмын. Бұл төртеуі де халыққа
лы болған жоқ. «Қоян» жылы не малға, не

# ОЫЗЫ

**мереке ретінде 1999 жылдан бастап атап**
**лы» Заңға өзгертулер мен толықтырулар**
**лдан бастап Covid 19 коронавирусының**
**мия жариялау себепті еліміздің бас мере-**
**ғысқан топтаманы жинақтап, назарға са-**



та ауыртпалық түсірмей өткен емес». Мақа-
вторы одан әрі 1880 жылғы қоянда жұт бо-
мал қырылғанын, 1892 жылғы қоянда қа-
ар жұтап, бүкіл Ресейде ашаршылық бо-
көнек ауруынан, обадан адамның көп
а ұшырағанын, 1904 жылғы қоянда қа-
ың онша жұтай қоймағанын, бірақ Ресей
Жапония арасында соғыс болғанын, оның
ыны бізге де тигенін айтады. Келіп жатқан
қоян жылының да қырғын соғыстың үсті-
ап келгенін баяндайды. Сөйте тұра, «жаман
ай – жақсы жоқ» деген ежелгі салтымыз
ынша, алдағы жылдың берекелі әрі жайлы
уына тілек білдіреді.

Сонымен қатар «Қазақтың» бетінде Ж.Жәні-бековтің аудармасымен жарияланған М.Расул Заденің мына бір мақаласы назар аудартпай қоймайды. Ол Наурыздың мән-мағынасын тәптіштей отырып, Түркиямен шекарадағы соғыс салдарынан «еркектері туралған, әйелдері бет-бетімен қайда болса сонда қашқан, бала-шағалары тау-тас арасына бытырап кеткен, қысқасы, тұрағы күл-талқан болған» мұсылман халықтарының тағдырына деген аяныш сезімін оятады. «Наурыз. Атынан да белгілі жаңа күн. Бірақ бұл марттың тоғызы біз үшін шынымен жаңа күн болып жетер ме? Қорқынышты соғыстың қанды оқиғалары, ұлт арпалысуының жексұрын кейіптері табиғаттың ең әдемі бір күнін мейрамға арнаған біздің әлемге де аз бәле, аз қайғы келтірген жоқ», – деп ашына отырып, елді сабырға шақырады, бірлікке үндейді. Ұлыстың ұлы күні деп дәріптегенімізбен мереке дегеніміз тыныштығы бұзылмаған елдің еншісіндегі ғана құндылық екенін еске салады. Мерекенің игілігін қиналған жұртқа, қалжыраған ұлтқа демеу көрсетуге жұмсау жөніндегі ниетін аңғартады.

«Міне, жуырда мейрам келеді. Білеміз, көп кісі осы күннен мейрам қамын жеп жатса керек. Бірақ мынау ескерілсін. Адамшылық, мұсылмандық һәм ағайындықты сезіп, бауырмалдық қызуымен жанданған бір кісі мұндай қанды жылда, ұлтының, отандасының басына мың түрлі бәле келген бір заманда қалайша шат көңілмен мейрамды қарсы алсын?», – дейді мақала авторы. Оның «Күншығыс мұсылмандарының, әсіресе Кавказ мұсылмандарының ардақты игі мейрамы – Наурыз» алдындағы ұсынысы бірлікті көздеген басылымның мұратымен де үйлесім тауып тұр: «Айтайын деп келе жатқаным, ей, бауырлар, ...анық бір Наурыз еліміздің салтынан болса, биылғы Наурызға ұстайтын ақшамызды Кәріс һәм Ардаһан соғысында шабылғандарға берейік». Біз бұдан халықтың қамын жеген «Қазақтың» Наурыз арқылы бұл мерекенің діні бір, тілі ұқсас халықтарды біріктірушілік рөлін көрсеткенін байқаймыз.

Ұлт басылымы ара-тұра Наурыз туралы өлең-жырларға да орын беріп тұрды. Дүниені соғыс өрті шарпып, ел қиындыққа ұшырып жатқан кездің өзінде газетті ұйымдастырушылар жұртты мерекелік көңіл күйден арылтпауды жөн санады. Қазақы қалыпты, табиғи тіршілікті жырлаған төмендегі өлеңнен ұлттық болмысымызды айқын аңғарамыз.

Сәлем бердік, жас Наурыз, жылдың басы!
Жұрттың күткен мінекей ықыласы!
Көжесін қып, күйбеңдеп, басын асып,
Бермек һәркім барынша қонақасы.
Келгеніне құттықтап бірін-бірі,
Қуанышта, көрісіп кәрі, жасы.
Көңілі түгіл адамның сен келген соң,
Самарқанның елжіреп тұр көк тасы.

«Қазақта» жарияланған мақалалардың дені Наурызды қадірлеу, оны дәстүрімізге берік енгізу, өмір салтымызға айналдыру мақсатынан туындайды. «Наурызды мейрам етушілер Үндістан, Иран, Ауған, Бұхара, Кавказ, Түркістан һәм біздің қазақ жерінде. Бұл заманда Наурызды мейрам етушілер қазақ арасында сирек бара жатқан сияқты көрінеді. Басқалар тастамай Наурызды мейрам етіп отырғанда, біздің қазақтың тастайтын жөні жоқ-ақ», – деп дабыл қаққан. «Рустың жаңа жылы қыс ортасында, нағыз сақылдап тұрған суықта келеді, біздің Жаңа жылымыз – Наурыз марттың басында болсын, ортасында болсын, әйтеуір мартта келетін болса, шын мағынасымен Жаңа жыл деп айтуға лайық», – деп ұтымды ой тастаған, «Мейрам – ұлттың жеке-жеке болған мүшелерін біріктіріп, бір денедей қылып қосатын бір дәнекер», – деп ұйымшылдыққа үндеген, «Қызықты жақсы мезгілдің басы 9-ыншы март болса, бұл күнді мейрам етпегенде, қандай күнді қазақ мейрам етер?», – деп кесімді пікір айтқан мақалалар әлі күнге дейін құндылығымен ерекшеленеді дер едік.

Қорыта айтқанда, ұлттың көзін ашып, санасын сергіткен «Қазақ» ұлыстың ұлы күні – Наурыздың тарих бедеріндегі өз орнын табуына, тілегі бір туыс халықтардың ортақ мерекесі ретінде жадымызда жатталуына үлкен үлес қосты.

**Facebook парақшасынан.**



**Рахым БЕКНАЗАРОВ, Zhubanov University өңірлік университетінің Басқарма төрағасы-ректордың м.а., тарих ғылымдарының докторы, профессор**

# Наурыз мерекесі ғылыми тұрғыдан әлі толық зерттелген жоқ

## (Наурыз мейрамына арналған құттықтау сөзінен)

Жыл басы Наурыз өзге мерекелерге қарағанда табиғилығымен ерекшеленеді. Наурыз қазақтың Тұран заманынан бергі төл мерекесі саналады. Ұлттық мереке ретінде 1988 жылдан қайта жаңғырды. Әрине оған дейін де Наурыз тойланды. 70-ші жылдарда, біздің бала кезімізде үйде наурыз көже пісіретін. Үй-үйді аралап, қонақ болатынбыз. Ауылымызда бөтен ұлт өкілдері көп тұрды. Ал таза қазақы Байғанин, Ойыл, Ырғыз аудандарында Наурызды тойлау қалыптасқан дәстүр болуы мүмкін. Биыл тәуелсіз ел болғанымызға 30 жыл толады. Осы жылдар бойы Наурыз мейрамын өткізу жетілдіріліп, дамытылып келеді. Дегенмен ғылыми тұрғыда Наурыз мерекесі әлі толық зерттеліп біткен жоқ. Осыған зерттеушілер назар аударса. Айталық, жыл басы неге наурыз деп аталады деген сұрақ төңірегін қазбаласақ, түрлі құнды деректерге кезігуге болады.

Мысалы, Кіші жүз қазақтарының шежіресінде:

Қазақтан Наурыз, Алаш екеу екен,
Наурыздың деп айтады үлкен жасы
Ұрпақсыз өлген Наурыз жазғытұры,
Келер жыл көктемде оның беріпті асын.
Қазақтың балалары содан бері,

«Наурыз» деп қойыпты атап жылдың басын, — деп айтылып келсе, Қытайдағы, Моңғолиядағы, жалпы шетелдегі қандастарымыз Наурыз бойынша тұтас тарихи образдарды суреттейді:

Желтоқсан мен Наурыз дейтін отбасында 90 ұл (қыстың 90 күні), жалғыз қыз Бикештің болуы, соны ұзатарда екі ағасын Ақпан мен Дақпанды ұмытып кетуі, олар бізді күтпедіңдер, біз жоқта той жасапсыңдар деп дау шығаруы – содан сөз қалған дейді, «Ақпан-Дақпан 6 күн, аязымен 7 күн» деген. Тойда қаңтарған аты аяздан қатып қалған екен, содан қыстың басы қаңтар деп айтылуы, Наурыз бәйбішеміз қызын ұзатып келгеннен кейін елге тойдың сарқытын көже қылып таратуы, Қызыр ата, Әз және т.б. суреттелуі. Қытай қазақтары Наурызды тойлауда көжені ішуден жеңімпазды аңықтап оны «Дома» деп атап сайлауы, келесі жылға дейін сол кісіні ауылдастары төрге отырғызып құрметтеуі, Наурызда денесі толық ер кісі мен әйелді күрестіруі және әйелдің жеңгенін қалауы, соны қолпаштап, көмек беруі, осы деректер таңданыс тудырады. Неге наурыз көжеге сүр ет салamыз? Неге адам қайтыс болғаннан кейін оны өмір сүрді дейміз? «Сүр» сөзінің төркіні неде? Міне, осындай қолданбалы зерттеулерді келешекте қолға алуымыз қажет.

Өткен жыл бүкіл әлем үшін қиын болды. Дегенмен бізге берекесін мол берді. Тек бірнешеуіне тоқталсам, білім алушылар контингенті 15 мыңға жетті, жаңа диссертациялық кеңестер ашылды, QS рейтингісіне ендік, университетіміздің тарихында тұңғыш рет 7 бірдей оқытушы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» гранттық конкурсының жеңімпаздары атанды.

Бар ұлттық болмысымызды айшықтайтын осы бір қасиетті күнде өткенімізге салауат айта отырып, болашағымызға зор үмітпен қараймыз. Қазыналы Жұбанов білім шаңырағының профессор-оқытушыларының ықыласты еңбегі мен кәсіби ынтасы, білім алушыларымыздың белсенділігі мен мамандықты игерудегі құштары өз нәтижесін беріп отыр.

Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін табиғат-анамен тығыз байланыстыратын халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған. Біздің ниет те сол. Наурыз келсе құт келгені, әз Наурыз шашуы алдағы игілікті істеріміздің бойтұмары болсын! Әр шаңыраққа бақыт пен шаттық әкелсін!

**Айқара бетті әзірлеген**
**Г.ҚАРАША**

☑ Covid-19

Жер шары халқын түгел әбігерге салған COVID19 коронавирусы билігінде өмір сүріп жатқанымызға бір жыл толды. Алғашында Қытайдың Ухань қаласынан тарап жатқан індет жайлы естігенде ауру біздің елді айналып өтуіне сенгендер болды. Алайда 5-6 ай арасында Қазақстан қызыл аймаққа еніп, провизорлық орталықтарда дәрі-дәрмек, медицина қызметкерлері жетіспей, емдеу протоколдары жеткілікті нәтиже бермей көп адам өлімі орын алды. Білім беру орындары online жүйесіне көшіп, мекемелер мен әлеуметтік нысандар қысқартылған жұмыс тәртібіне көшті. Тұрғындардан арақашықтық сақтап, маска тағып, залалсыздандыру құралдарын пайдалану талап етілді. Өкінішке қарай санитарлық нормаларды сақтамай, енжар жүретін адамдар әлі жеткілікті. Карантин, локдаун, пандемия деген сөздерден аса қорықпайтын болдық. Тіпті індет жағдайында алда біраз тіршілік кешуге тура келетініне де көндіккен сияқтымыз. Ендігі адамзаттың ортақ мақсаты жаппай вакцина алып, қоғамда ұжымдық иммунитет қалыптасқанға дейін шыдамдылық көрсету. ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте америкалық Денсаулық сақтау қауымдастығының мүшесі, профессор Алмаз Шарман «Коронавирустың түрлері өзгереді, оның жұғу қауіпі күшейіп, індеттің жаңа толқыны басталуы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін азаматтар жаппай вакцина қабылдауы қажет», — деп мәлімдеді.

COVID-19 вакцинациясы екі кезенде жүргізіледі. Вакцинаның екінші дозасы біріншісінен кейін үш апта өткен соң салынады. Нәтижесінде ағзада антидене, сондай-ақ иммундық жасушалар пайда болады да, 90 пайыз COVID-19-дан қорғайды. Сонда шамамен 10 пайыз коронавирус жұқтыру қаупі қалады. Сондықтан, вакцинациядан кейін де маска киіп, қол гигиенасын, әлеуметтік ара қашықтықты сақтау керек. «Қалыпты өмірге тезірек оралу үшін коронавирусқа қарсы вакцина алған дұрыс. Сонда әр адам инфекцияның таралуын тоқтатуға және пандемияның аяқталуына үлес қосады. Адамзат бұған дейін де пандемия мен жұқпалы аурулар эпидемиясын бастан кешті. Ол кезде де індетті эпидемияға қарсы шаралар, сондай-ақ вакцинация мен тиімді дәрі-дәрмек жасау арқылы жеңді. Елу жыл бұрын вакцинацияның арқасында миллиондаған адамның өмірін қиған аурулар ауыздықталды», — деді профессор А.Шарман.

Қазақстан бойынша COVID-19 індетінің екінші толқыны басталды деуге негіз бар. Қазір еліміздің астанасы Нұр-Сұлтан, Алматы қаласы, Атырау, Батыс Қазақстан және біздің Ақтөбе облыстары қызыл аймаққа енді. Бұл жерлерде санитарлық-эпидемиологиялық талаптар жоғары деңгейге ауысты.



Арт-зал. Портреттер көрмесі.

# КОРОНАВИРУС ЖАЙЛЫ ЖАҚСЫ ХАБАР

Ақтөбе облысы денсаулық сақтау басқармасының басшысы Рүстем Исаев ағымдағы жылдың 3-ші сәуірінен бастап өңірде жаппай вакцинация басталатынын хабарлады. Ол үшін «СпутникV» вакцинасының 69 мың дозасы жеткізілмек. Екпені 18-65 жас аралығындағы кез келген тұрғын ала алады. Сәуір айында аймақ басшысы Ондасин Оразалин да екпе салады. Бүгінде медицина, білім беру салаларының және полиция қызметкерлері екпе алуда. Наурыз айының аяғына дейін облыс бойынша 134 841 адам бір компонентімен, 38 588 адам екі компонентімен вакцина қабылдаған. Бұл барлығы 173 429 тұрғынның вакциналанғанын білдіреді.

Zhubanov University өңірлік университетінде өткен оқу жылында профессорлық-оқытушы және қызметкерлер құрамы ішінен 7 адам ковидтен көз жұмды. Әлеуметтік және жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен Arthouse студенттік клубы суретшілері олардың портреттерін салып артзалдың қабырғасына ілді. Пандемияның бірінші толқынында университеттің жатақханалары пациенттерді қабылдау орнына айналды. Startup Академиясы маскалар тігіп, таратты. Жаратылыстану факультетінің лаборанттары антисептик дайындады. Наурыз мейрамы қарсаңында COVID-19 індетінің алдын алу және күресу шараларына қатысып, бастарын қатерге тіккен бір топ ұжым мүшелері: педагогика факультетінің деканы Жанна Жүсіпова, жаратылыстану факультетінің деканы Мұрат Махамбетов, шаруашылық-техникалық бөлім басшысы Берік Мұстафин, педагогика факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Жандарбек Иманчиев, Студенттер үйінің меңгерушілері Бейбіт Қонақбаева, Татьяна Сагайда, Кәсіпкерлікті дамыту орталығының басшысы Гүлназ Насамбаева, кәсіби-шығармашылық факультетінің 4-курс студенті Малика Қалиева Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбеттің Алғыс хатымен марапатталды. Ал облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы Студенттер емханасының меңгерушісі Жұмагүл Жұмағазинаға, медбикелер Зауреш Алмағамбетоваға және Шараш Жақасоваға Алғыс хат табыстады.

Джордж Мэйсон университетінің (АҚШ) жүйелі биология мектебінің профессоры Анчо Баранованың індетке орай бірнеше кеңесі құлақ салуға тұрарлық. Оның айтуынша ПТР-тестен гөрі антиденені анықтауға сынама тапсырған әлдеқайда пайдалы. ПТР-тест аурудың тест алынған сәтіндегі бар-жоғын анықтайды, ал антидене талдамасы ағзаның вирусқа иммундық қарсылығы барын көрсетеді. «Антидене тестерінің нәтижесі адамдардың вирус жұқтыруға деген қорқыныштарын басады. Өзінің ауырғанын адам сезбей қалуы мүмкін. Шындығында 1000 адамның бірі ауру болуы мүмкін, ал грипп және басқа жедел-респираторлық ауруларда көрсеткіш бұдан әлдеқайда көп. Бойында антиденесі бар адам жұмысқа емін-еркін шыға алады. Оларды пандемия салдарынан тұралап қалған өндіріс орындарына, кәсіпорындарға, кез келген мекемеге сеніммен жұмысқа пайдалануға болады, олардың кеудесіне айталық, жасыл жұлдызша тағып қойса, өзгелерден айыру үшін, тіпті тиімді» — дейді Анчо Баранова. Профессор адамдардың әлі күнге дейін COVID-19 індеті белгілерін шатыстыратына көңіл аударады. «Ауырған адамның егер мұрнынан су ақса бұл жақсы нышан, дерттің 98 пайыз коронавирус еместігін дәлелдейді. COVID-19 вирусының басты белгілері иіс пен дәм сезбеу. Ол кезде әркім жағдайын бақылап, екі-үш күнге созылса дәрігермен кеңесуі сұралады. Ал ең қажет қорғаныш құралы, маскадан кейінгі — бір реттік медициналық қолғап. Әсіресе дүкенге барғанда киіп, шыққасын қоқыс жәшігіне салып кету керек. Әрине кір қолғаппен телефон ұстауға немесе шаш түзетуге болмайды. Шындығында COVID-19 вирусының қожайыны — адам. Вирус — паразит. Паразит адам ағзасына бейімделеді. Ол эволюцияланған сайын, қарапайым түсіндірсем, жұғу процесі 10 адамнан кейін болса, жұқтырған адам жеңіл ауырады. Тіпті ауырғанын білмей қалуы мүмкін. Симптомсыз ауыру деп жүргеніміз сол» деп ойын қорытындылайды биолог А.Баранова. Оның айтуынша вакцина алар алдын қандағы M и G иммуноглобулин деңгейін анықтап алған дұрыс. Егер IgM антиденесі табылса адам жақында ауырғанын немесе сол сәтте ауру екенін білдіреді, IgG көрсеткіші вирусқа қарсы ағзада иммунитет қалыптасқанын көрсетеді.

**Интернет материалдары бойынша дайындаған Гүлнара ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**

## ☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

# АҚТӨБЕНІҢ «АЛТЫН АДАМЫ»

«Алтын адам» археологиялық жәдігері 2019 жылы Темір ауданындағы бірінші Тасқопа қорымының элиталық қорғанынан табылған болатын. Қорымдағы қазба жұмыстары кезінде алтын бұйымды киім-кешек кигізілген көсемнің денесі кезікті. Содан бері зерттеу жұмысы жалғасып, жуырда облыстық тарихи-өлкетану мұражайында «Алтын адам» ғылыми реконструкциясы таныстырылды.

Шараға облыс әкімі Оңдасын Оразалин, Ә.Марғұлан атындағы археологиялық институт директоры Бауыржан Байтанаев, танымал археологтар, тарихшылар, зиялы қауым мен қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Біздің заманымызға дейінгі V-ғасырдың археологиялық материалдарын консервациялау және ғылыми тұрғыда реставрациялау жұмыстары жасалды. Жерленген көсем толықтай қалпына келтіріліп, садақ пен оның қабы, жебе, екі белдеу, қамшы және тағы басқаларының көшірмесі алынды. Сармат көсемінің киімі қайтадан тігілді. Барлық бұйымдардың көшірмелері алтын жалатылған күмістен жасалды.

«Бұл өңірге бір емес, бірнеше рет келдік. Өйткені Әлкей Марғұлан атындағы институт іс-шараның негізгі орындаушысы, бағдарламасын дайындаушы. Екі жыл бұрын басталған жұмысқа облыс әкімдігі, мәслихат қолдау білдірді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Ақтөбе облысының киелі жерлер географиясы» жасалды. Облыстық бағдарлама аясында көп жұмыс атқарылып, өте керемет жәдігерлер табылды. Бүгін көне сармат дәуіріне тән жәдігерді қалпына келтіру жұмысын таныстырдық. Өте қуанышты жағдай. Тек облыстың емес, бүкіл Қазақстанға қазақ халқының көне тарихының бетін ашып бердік. Есік қаласынан табылған «Алтын адамнан» өз ерекшелігі бар. Бұл — Қазақстанның батысында табылған құнды дүние. Осыдан 2,5 мың жыл бұрын осы жерде көне тайпалар өмір сүрген. Олар сақ тайпаларымен рулас болған. Сол себепті көп жәдігері ұқсас. Мәселен, садақ салатын алтын қорамсақ елімізде алғаш рет Ақтөбеде жерінде табылды. Қара теңіздегі сақ тайпасына ұқсас болып келеді. Жасалуы, этникалық құрамы сол кезеңге келеді. Тарихқа, әсіресе, қазақ тарихына, көне тарихымызға үлкен үлес қосып отырмыз», — деді Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының директоры Бауыржан Байтанаев. Археолог ғалымның айтуынша қорым тоналған. Сондықтан антропологиялық зерттеу жұмысын жүргізу мүмкін болмапты. Осы себепке байланысты көсемнің түр әлпетін өзге қорымнан табылған адаммен салыстыра отыра жасап шыққан. Бұл — ер адам, жасы 40-қа жетпеген. Бай-ауқатты болған адам. Жауынгер. Тайпа басшысы.

Алғашқы тазалау, консервациялау жұмыстарын Ресей ғылым академиясы материалдық мәдениет тарихы институтының реставраторы Николай Курганов жүргізіпті. Ал көсемнің реконструкциясын жергілікті шеберлер Болат Атраубаев пен Еркосай Әбілов әзірлеген.

Сармат көсемінің образын жасаған кезде актер Мұрат Бисембин бейнесі алынған. Актердің жүзі ғылыми деректердегі сарматтардың түр-тұлғасына сәйкес. Әзірге алтын адамға Тасқопа көсемі деген атау берілген.

«Біздің өңірде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың тиімді шаралары қабылданып жатыр. Бүгін біз рухани сананы жаңғырту бойынша ауқымды жұмыстардың нәтижелерін көрдік. Осының бәрі тек біздер үшін ғана емес, келер ұрпақ үшін де маңызды. Біздің жергілікті ғалымдар да ортақ іске өз үлестерін қосты», — деді өңір басшысы Оңдасын Оразалин таныстырылым барысында.

# «ЗОЛОТОЙ ЧЕЛОВЕК» В АКТОБЕ

Археологический артефакт «Золотой человек» был найден в 2019 году в элитном кургане первого кладбища Таскопа в Темирском районе. При раскопках на кладбище было найдено тело вождя, одетого в золото. С тех пор исследовательская работа продолжалась, и недавно



в областном краеведческом музее была представлена научная реконструкция «Золотого человека».

В мероприятии приняли участие аким области Ондасын Оразалин, директор Археологического института имени А. Маргулана Бауржан Байтанаев, известные археологи, историки, представители интеллигенции и общественных организаций. Сохранились и научно отреставрированы археологические материалы V века до н.э., полностью восстановлен погребенный вождь, получена копия лука и его щита, стрелы, два пояса, плети и др. Одежду сарматского вождя пошили заново. Копии всех изделий выполнены из позолоченного серебра. «Мы не раз бывали в регионе, потому что институт имени Алкея Маргулана является главным исполнителем мероприятия, разработчиком программы. Работу, начатую два года назад, поддержал областной акимат, маслихат. Создана география святых мест Актюбинской области. В рамках областной программы проделана большая работа, найдены замечательные экспонаты. Сегодня мы представили реставрацию древнего сарматского артефакта. Очень уникальная находка. Мы открыли страницы древней истории казахского народа не только в регионе, но и во всем Казахстане. Он отличается от «Золотого человека», найденного на Иссыке. Это ценное сокровище западного Казахстана. 2,5 тысячи лет назад здесь жили древние племена. Они были родственниками сакских племен. Поэтому многие артефакты похожи. Например, в Актобе впервые в стране была найдена золотая коробка для лука. Техника напоминает артефакты племени саков близ Черного моря. Становление, этнический состав восходит к этому периоду. Мы вносим большой вклад в историю, особенно в историю Казахстана, в нашу древнюю историю», — сказал директор Института археологии имени А.Маргулана Бауржан Байтанаев. По словам археолога, кладбище было разграблено. Следовательно, антропологические исследования не представились возможным. По этой причине сравнили внешность вождя с внешностью человека, найденного на другом кладбище. Это мужчина моложе 40 лет. Богатый человек. Воин. Глава племени.

Первые работы по очистке и консервации провел реставратор Института истории материальной культуры РАН Николай Курганов. Работы по реконструкции провели местные мастера Болат Атраубаев и Еркосай Абилов. Образ вождя сарматов воссоздали по чертам актера Мурата Бисембина. Лицо актера соответствует внешнему виду сарматов.

«В нашем регионе проводится большая работа по реализации программы «Духовное возрождение». Сегодня мы увидели результаты масштабного труда по возрождению духовного сознания. Все это важно не только для нас, но и для будущих поколений. Наши местные ученые тоже внесли свой вклад в общее дело», - сказал на презентации глава региона Ондасын Оразалин.

# «GOLDEN MAN» IN AKTOBE

The archaeological artifact “The Golden Man” was found in 2019 in the elite burial mound of the first Taskop cemetery in the Temir district. During excavations at the cemetery, the body of a leader dressed in gold was found. Since then, research work has continued, and recently a scientific reconstruction of the “Golden Man” was presented in the regional museum of local lore. Akim of the region Ondasyn Orazalin, director of the Archaeological Institute named after A. Margulan Baurzhan Baitanaev, famous archaeologists, historians, representatives of the intelligentsia and public organizations took part in the event.

The archaeological materials of the 5th century BC have been preserved and scientifically restored, the buried leader has been fully restored, a copy of the bow and his shield, arrows, two belts, lashes, etc. have been obtained. The clothes of the Sarmatian leader were sewn anew. Copies of all items are made of gilded silver. “We have been to the region more than once, because the Alkey Margulan Institute is the main executor of the event, the developer of the program. The work begun two years ago was supported by the regional akimat, maslikhat. The geography of the holy places of the Aktobe region has been created. A lot of work has been done within the framework of the regional program, wonderful exhibits have been found. Today we have presented the restoration of an ancient Sarmatian artifact. A very unique find. We have opened the pages of the ancient history of the Kazakh people not only in the region, but throughout Kazakhstan. It differs from the “Golden Man” found at Issyk. This is a valuable treasure of western Kazakhstan. 2.5 thousand years ago, ancient tribes lived here. They were relatives of the Saka tribes. Therefore, many artifacts are similar. For example, in Aktobe, for the first time in the country, a golden onion box was found. The technique resembles the artifacts of the Saka tribe near the Black Sea. Formation, ethnic composition dates back to this period. We make a great contribution to history, especially to the history of Kazakhstan, to our ancient history, ”said Baurzhan Baitanaev, director of the A. Margulan Institute of Archeology. According to the archaeologist, the cemetery was ransacked. Consequently, anthropological research was not possible. For this reason, he compared the appearance of the leader with the appearance of a person found in another cemetery. This is a man under 40 years old. Rich man. Warrior. The head of the tribe. The first works on cleaning and conservation were carried out by Nikolai Kurganov, a restorer of the Institute for the History of Material Culture of the Russian Academy of Sciences. The reconstruction work was carried out by local craftsmen Bolat Atraubaev and Erkosai Abilov. The image of the leader of the Sarmatians was recreated according to the features of the actor Murat Bisembin. The actor’s face corresponds to that of the Sarmatians. “A lot of work is being done in our region to implement the“ Spiritual Revival ”program. Today we saw the results of a large-scale work on the revival of spiritual consciousness. All this is important not only for us, but also for future generations. Our local scientists also contributed to the common cause, ”said the head of the region Ondasyn Orazalin at the presentation.

## ☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

### НАУРЫЗ АРУЫ — ЖАЗИРА

Жыл басы — әз Наурыз мейрамын дәріптеу мақсатында Qazaqstan.tv Ұлттық арнасында «Наурыз аруы» байқауы өтті. Финалдық іріктеуден өткен 5 ханшайымның арасында Zhubanov University өңірлік университетінің «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 4-курс студенті Жазира Елеусізова болды. Жазираның байқауға ұсынған фотосы өзгеше. Ұлттық киімінің нақышы да айырықша.

Байқауға қатысып, қазақтың бас мерекесінің эстетикалық, тәрбиелік құндылығын бір ғана сурет арқылы көрсете алған Жазира 19 мыңнан астам лүпіл мен пікір жинап, «Наурыз аруы-2021» титулына ие болды. Байқау Instagram желісіндегі @qazaqstantv парақшасында жүргізілді.

### МИСС НАУРЫЗ — ЖАЗИРА

В целях популяризации начала года — Наурыз на национальном канале Qazaqstan.tv был проведен конкурс «Наурыз аруы». Жазира Елеусизова, студентка 4 курса Zhubanov University по специальности «Изобразительное искусство и рисунок», вошла в пятерку финалистов. Конкурсная фотография, представленная Жазирой особенная, уникален и стиль её национального костюма. Жазира смогла на одном снимке показать эстетическую и познавательную ценность главного казахстанского праздника, собрала более 19 тысяч комментариев и получила титул «Наурыз аруы-2021». Конкурс проходил на странице Instagram @qazaqstantv.

### NAURYZ ARUY — ZHAZIRA

In order to popularize the beginning of the year — Nauryz, the Nauryz Aruy competition was held on the national channel Qazaqstan.tv. Zhazira Eleusizova, a 4th year student at Zhubanov University with a degree in Fine Arts and Drawing, entered the top five finalists. The competition photo presented by Zhazira is special, the style of her national costume is also unique. Zhazira was able to show the aesthetic and cognitive value of the main Kazakhstan holiday in one photo, collected more than 19 thousand comments and received the title "Nauryz Aruy-2021". The competition was held on the Instagram @qazaqstantv page.



### АҚТӨБЕДЕ ЖЫР МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ

Жыр мектебіне Ер Едіге аты берілді. Едіге 1352-1419 жж. өмір сүрген Ноғай ордасының әміршісі, атақты қолбасшы. Ақтөбе өңірінде «Ер Едіге» эпосын зерттеумен көп жыл айналысқан ғалым, профессор Жұбаназар Асан жыр мектебінің ашылуына қатысып, — Бұрын «жырау» деген атты алу оңай болмаған. Жырау атану үшін, жыр айту мен ақындық дарынының болуы аз, оған қоса, біріншіден, қазақтың шежіресін білу керек және, екіншіден, «Қобыланды батыр», «Едіге», «Қарасай-Қази» және «Орақ-Мамай» сынды арнайы тізімге енген жырларды жатқа айту керек. Жырау деген ат осындай талаптарға сай болған адамға үлкен ас, үлкен жиынның үстінде, дүйім елдің алдында берілетін болған, — деп қазақ халқының жыраулық дәстүрінен сөз қозғады. Ал облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Алтынай Юнисова өз құттықтауында «Ер Едіге» жыр мектебінің Елбасы Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында көрсетілген жобаларды жүзеге асыру аясында ашылып отырғанын айта келе: — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Ұлттық салт-дәстүрлерімізді, тілімізді бен музыкамызды, әдебиетімізді, жоралғыларымызды, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымызды бойымызда мәңгі қалуға тиіс» — деп атап өткен еді. Жыр — мәңгі жасайтын ұлттық рухымыздың бір бөлшегі. Жыр мектебінің Ер Едігенің атын иеленуінде де өте үлкен мағына бар. Ұлттық өнеріміз арқылы тарихымыздың даңқты парақтарын, елдік жолында аянбай тер төккен асыл бабаларымызды да насихаттаймыз. «Ер Едіге» жыр мектебі — Тәуелсіздіктің 30 жылдық тойына орай ұсынылып отырған үлкен сый, — деді.



Жыр мектебінің ашылуына өңірдің жас жыршыларымен бірге Маңғыстау облысы мен Нұр-Сұлтан қаласынан да көне өнерге машыққан өнерпаздар қатысты.

Ер Едіге жыр мектебі облыстық халық шығармашылығы орталығында орналасқан. Жыр мектебіне жетекші болып жыршы Демеу Жолымбетов бекітілді.

### В АКТОБЕ ОТКРЫЛАСЬ ШКОЛА ПОЭЗИИ

Школа поэзии была названа в честь Ер Едиге. Едиге (1352-1419 гг.) был правителем Ногайской Орды, известным полководцем. В открытии школы поэзии принял участие профессор Жуманазар Асан посвятивший годы изучению эпоса «Ер Едиге». «Раньше получить звание «Жырау» было непросто. Для того, чтобы стать жырау, нужно обладать вокальными данными, талантом к поэзии, кроме того, нужно знать генеалогию казахов и наизусть все жыры, внесенные в специальный список. Это «Кобыланды батыр», Едиге», «Карасай-Казы» и «Орак-Мамай». Наизусть. Звание Жырау присваивалось перед знатью за большим пиршеством», — рассказал о традициях казахского народа ученый. Руководитель областного управления культуры, архивов и документации Алтынай Юнисова в своей поздравительной речи рассказала, что Школа поэзии «Ер-Едиге» открылась в рамках Программы духовного возрождения Елбасы Нурсултана Назарбаева и проекта «Семь граней мира»: «Мы должны сохранить наши национальные традиции, язык и музыку, литературу, наш национальный дух. Об этом всегда говорит Елбасы Нурсултан Назарбаев. Жыр — это часть нашего вечного национального духа. Большое значение и в том, что школа названа именем Ер Едиге. Через наше национальное искусство мы пропагандируем славные страницы истории, предков, которые многим пожертвовали ради страны.

Школа поэзии Ер-Едиге — подарок к 30-летию независимости», — сказал она. В открытии школы поэзии приняли участие юные певцы области, а также таланты из Мангистауской области и города Нур-Султан.

Школа поэзии Ер-Едиге находится в областном центре народного творчества. Жыршы Демеу Жолымбетов был назначен руководителем школы поэзии.

### POETRY SCHOOL OPENED IN AKTOBE

The poetry school was named after Er Edige. Edige (1352-1419) was the ruler of the Nogai Horde, a famous commander. The opening of the school of poetry was attended by Professor Zhumanazar Asan, who devoted years to the study of the epic "Er Edige". "Earlier it was not easy to get the title of" Zhyrau ". In order to become a zhyrau, you need to have vocal abilities, a talent for poetry, in addition, you need to know the genealogy of Kazakhs and by heart all the zhyr included in a special list. These are Kobylandy Batyr, Edige, Karasai-Kazy and Orak-Mamai. The title of Zhyrau was awarded to the nobility at a great feast, "the scientist told about the traditions of the Kazakhs.

The head of the regional department of culture, archives and documentation, Altynai Yunisova, said in her congratulatory speech that the Er-Edige Poetry School was opened within the framework of the Elbasy Nursultan Nazarbayev's Spiritual Revival Program and the Seven Facets of the World project: "We must preserve our national traditions, language and music, literature, our national spirit. Elbasy Nursultan Nazarbayev always speaks about this. The Er-Edige poetry school is a gift for the 30th anniversary of independence, "she said.

The opening of the school of poetry was attended by young singers of the region, as well as poets from the Mangistau region and the city of Nur-Sultan. The Er-Edige poetry school is located in the regional center of folk art. Zhyrshy Demeu Zholymbetov was appointed head of the poetry school.

# ☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news



## ШАЛҚАР КӨЛІ ТАЗАРАДЫ

Экологиялық жобаның бас мердігері — «TOLAGAI-2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сарапшылар мен гидролог мамандардың қатысуымен талдау жұмыстары басталды. Енді қар толық кетіп, жер кепкен соң көлге су келетін аңғарлар мен бұлақ бастаулары зерттелетін болады.

Шалқар көлін тазарту мәселесі қаралған облыс әкімдігінің жиынында өңір басшысы Ондасын Оразалин «Шалқар көлінің түбін тазарту жұмыстарына су мамандары мен сарапшыларды тарттық. Былтыр жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары аяқталған болатын. Үкімет аталмыш жобаны қолдап, биыл оны жүзеге асыра бастаймыз. Ауқымды жоба үш жылға жоспарланғанымен, жұмысты ыждағаттап, екі жылда аяқтауға болады. Көлді қалпына келтіру жұмыстарының рекреациялық және шаруашылық тұрғыдан өзектілігін айтпағанның өзінде, аймақ экологиясы үшін маңыздылығы зор», — деді.

Шалқар көлі 1990-шы жылдардың басында түбі тартылып, батпақтана бастаған еді. Сарапшылар себебін ағынды сулардың азаюы мен су үсті және су асты өсімдіктері көбеюінен, құятын бұлақ көздерінің бітелуінен көрді. Бүгінде Шалқар көлінің жағалауы бірнеше шақырым жерге дейін құрғап, қоға мен қамыс басқан. Шалқар ауданы тұрғындары тартылған көлге байланысты мәселені бірнеше жылдан бері көтеріп келді. Өткен жылдың соңында ғана Сенат депутаттары көлді қалпына келтірудің аймақ экологиясы үшін өзектілігін мақұлдап, республикалық бюджеттен 3 миллиард теңге бөлуге ықпал етті.

## ОЧИСТЯТ ОЗЕРО ШАЛКАР

Началась аналитическая работа с участием специалистов и гидрологов генерального подрядчика экологического проекта — ООО «ТОЛАГАЙ-2050». А когда растает снег и высохнет замля, будут изучены долины и источники, впадающие в озеро. Аким области Ондасын Оразалин на совещании по вопросам очистки озера Шалкар сказал: «К очистке дна озера Шалкар мы привлекли водных специалистов и экспертов. В прошлом году завершилась разработка проектно-сметной документации. Правительство поддержало проект, в этом году мы приступим к его реализации. По плану проект расчитан на три года, но завершить работы можно и за два года. Не говоря уже о рекреационной и экономической значимости восстановления озера, это важно для экологии региона».

Озеро Шалкар начало заболачиваться в начале 1990-х годов. Специалисты связывают это с сокращением сточных вод и увеличением поверхностной и подводной растительности, закупоркой родников. Сегодня берега озера Шалкар высохли на несколько километров и заросли камышом. Жители Шалкарского района поднимали вопрос об озере несколько лет. Только в конце прошлого года депутаты Сената одобрили актуальность восстановления озера для экологии региона и финансирование работ из республиканского бюджета на 3 млрд тенге.

## SHALKAR LAKE WILL BE CLEANSED

Analytical work began with the participation of specialists and hydrologists of the general contractor of the environmental project - TOLAGAY-2050 LLC. And when the snow melts and the earth dries up, the valleys and springs flowing into the lake will be studied. Akim of the region Ondasyn Orazalin at a meeting on cleaning Lake Shalkar said: «We have attracted water specialists and experts to clean the bottom of Lake Shalkar. The development of design estimates was completed last year. The government has supported the project, and this year we will start implementing it. According to the plan, the project is designed for three years, but the work can be completed in two years. It is important for the ecology of the region». Lake Shalkar began to become waterlogged in the early 1990 s. Experts attribute this to a reduction in wastewater and an increase in surface and underwater vegetation, and blockage of springs. Today the shores of Lake Shalkar have dried up for several kilometers and are overgrown with reeds. Residents of the Shalkar region have raised the issue of the lake for several years. Only at the end of last year, the Senate deputies approved the relevance of the restoration of the lake for the ecology of the region and financing of work from the republican budget for 3 billion tenge.

## «GRAMMY» СЫЙЛЫҒЫ ТҰҢҒЫШ РЕТ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТА

Павлодар облысы, Ақсу ауданында тұратын 20 жасар теміржолшы Иманбек Зейкенов «Grammy» сыйлығының иегері атанды. Музыка саласындағы бұл жетістік Қазақстанда тұңғыш рет орын алып отыр.

Иманбек Зейкеновтың бағын ашқан SAINt JHN есімді әншінің Roses әніне жазылған ремиксі. Ол диджейге Grammy сыйлығының «Үздік ремикс» номинациясында жеңіс сыйлады.

Grammy сыйлығы – Американың Ұлттық дыбыс жазу өнері және ғылым академиясы (NARAS) тапсыратын, дүниежүзілік мәні жоғары, музыкалық Оскар саналатын мәртебелі марапат.

Биыл Grammy сыйлығы 63-ші рет өткізілді.

“Grammy” сыйлығын жеңіп алған Иманбекке Павлодар облысының әкімі Әбілқайыр Сқаков көрімдік ретінде, жаңа аппаратура сатып алуға 2 млн. теңге берді. Музыкант берілген қаражатты қайырымдылыққа жұмсамақ.

— Өте қуаныштымын. Менің заманауи техникам бар. Сол үшін бұл қаражатты қайырымдылыққа бергім келеді. Туған қаламнан көшуді жоспарлап жатқан жоқпын. Болашақта музыкамен айналысқым келеді. Қазіргі уақытта Шон Полмен бірлескен туынды жазып жатырмыз, – деді Иманбек Зейкенов Ақсу жастарымен ұйымдастырылған кездесуде. Оған дейін Grammy сыйлығының жеңімпазы “Вечерний Ургант” ресейлік танымал шоуына қатысып, алдағы жоспарларымен бөліскен еді.




## ПРЕМИЮ «GRAMMY» ВПЕРВЫЕ ПРИСВОИЛИ КАЗАХСТАНЦУ

20-летний железнодорожник Иманбек Зейкенов, проживающий в Аксуском районе Павлодарской области, получил премию «Grammy». Это достижение в области музыки - первое в Казахстане. Счастливым для Иманбека Зейкенова стал написанный им ремикс на песню Roses певца SAINt JHN. Диджей получил премию Грэмми в номинации «Лучший ремикс».

Премия «Grammy» — престижная награда Американской национальной академии звукозаписывающих искусств и наук (NARAS), всемирно известный музыкальный «Оскар». В этом году состоялась 63-я премия «Grammy». Аким Павлодарской области Абулхаир Скаков подарил 2 миллиона тенге лауреату премии «Grammy» Иманбеку на приобретение нового оборудования. Эти деньги музыкант намерен передать на благотворительность. «Я очень рад. У меня есть современное оборудование, поэтому хочу передать эти средства на благотворительность. Я не планирую переезжать из родного Аксу. Хочу заниматься музыкой в будущем. Сейчас мы пишем совместную песню с Шон Полом», — рассказал Иманбек Зейкенов на встрече с молодежью Аксу. Ранее обладатель премии «Grammy» стал гостем популярного российского шоу «Вечерний Ургант» и поделился своими планами.

## KAZAKH RECEIVED THE «GRAMMY» AWARD

20-year-old railroad worker Imanbek Zeykenov, who lives in Aksu district of Pavlodar region, received a Grammy award. This achievement in the field of music is the first in Kazakhstan. Happy for Imanbek Zeykenov was his remix of the song Roses by singer SAINt JHN. The DJ won a Grammy Award for Best Remix.

The Grammy is a prestigious award from the American National Academy of Recording Arts and Sciences (NARAS), a world renowned musical Oscar. The 63rd Grammy Awards took place this year. Akim of Pavlodar region Abulkhair Skakov presented 2 million tenge to the laureate of the “Grammy” prize Imanbek for the purchase of new equipment. The musician intends to donate this money to charity. “I am very happy. I have modern equipment, so I want to donate these funds to charity. I do not plan to move from my native Aksu. I want to make music in the future. Now we are writing a joint song with Sean Paul,” Imanbek Zeykenov said at meeting with the youth of Aksu. Earlier, the Grammy winner was a guest of the popular Russian show “Evening Urgant” and shared his plans.



# ЖОО ОҚЫТУШЫЛАРЫНА — ЛАЙЫҚТЫ ЖАЛАҚЫ

"Оқытушыларға лайықты жалақы төлеп, олардың қалыпты жұмыс атқаруы үшін жағдай жасау — жоғары білім сапасын арттыру үшін маңызды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында жоғары оқу орындарындағы педагогикалық-оқытушылық құрамның жалақысын арттыруға қатысты тапсырма берген болатын. Нәтижесінде 2019 жылғы қыркүйекте Білім және ғылым министрлігіне тікелей бағыныштымЖОО оқытушыларының жалақысы 20%-ға, кейін 2020 жылғы қыркүйек айында тағы 20%-ға ұлғайтылды. Дегенмен, қабылданған шараларға қарамастан жалақы көлемін әлі де арттыру қажет. Бұл ретте, болған жалақының базасының төмен болуына байланысты, тіпті жалақыны 20-40%-ға ұлғайту шаралары да жеткіліксіз болып отыр. Мәселен, ҚазҰУ-да оқытушының орташа жалақысы 108 мың теңге болса, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде 105 мың теңге, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде — 101 мың теңге, ал Қарағанды индустриалды университетінде 99 мың теңге. Мұндай жалақы мөлшері оқытушыларды аса ынталандыра коймайтыны анық. Кейбір жоғары оқу орындары оқытушылардың жалақысын көтеру кезінде лауазымдық жалақы мөлшерін негізге алған. Ал лауазымдық жалақы мөлшері оқытушылардың түрлі қосымша ақыларды қоса алғандағы нақты жалақысынан төмен екенін айта кеткен жөн. Басқа жоғары оқу орындары жалақыны педагогикалық жүктемені көбейту арқылы арттырды. Нәтижесінде бірқатар оқу орнында оқытушы ставкасының көлемі 900 сағатқа дейін жетті. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың тапсырмасын орындау үшін, ақпан айында өткен кеңесте БҒМ-ге ведомстволық бағыныштыжоғары оқу орындарымен талқылап, бұйрыққа қол қойып, онда екі норманы бекіттік.

БІРІНШІ. 2021 жылдың қыркүйегінен бастап штаттағы оқытушылар үшін минималды жалақы мөлшерін белгілеу. Яғни, 2021 жылдың қыркүйегінен бастап БҒМ-ге ведомстволық бағыныштыжоғары оқу орнында штаттағы оқытушы айына кем дегенде 200 мың теңге, аға оқытушы — 230 мың теңге, қауымдастырылған профессор – 260 мың теңге, профессор 350 мың теңге (ұлттық жоғары оқу орындарында — 400 мың теңге) алуы тиіс. Бұл жалақының ең төменгі мөлшері болуы тиіс. Сондай-ақ әр жоғары оқу орны оқытушылардың белгілі бір жетістіктері үшін басқа да ынталандыру төлемдерін белгілеп, төлей алады.

ЕКІНШІ. Педагогикалық жүктеменің максималды көлемін 1 ставка үшін 680 сағаттан асырмау. Әрине, бұл педагогикалық жүктемесі аталған көрсеткіштен төмен ЖОО-ларды (жылына 450 немесе 500 сағат) ештеңеге міндеттемейді. Яғни, сағат санын белгіленген 680-ке дейін жеткізу міндеті тұрған жоқ. Оқытушыға берілген 1 ставка көлемі 700-900 сағат немесе одан жоғары болатын жоғары оқу орындары сағат санын 680-ке дейін төмендетуі керек.

Бұл бұйрықты ерте қабылдап жатқанымыздың өзіндік себебі бар: 2021 жылдың қыркүйегіне дейін ЖОО басшыларына өздерінің шығыстарын қайта жоспарлап, оңтайландыру және кірістерін ұлғайту үшін уақыт береміз.

Аталған шешім жоғары оқу орындарындағы әкімшілік-басқару персоналы мен педагогикалық-оқытушылық құрамның арақатынасын өзгертуге, басқа да маңызды басым емес шығыстарды қысқартуға және бюджеттердің шығынын қайта қарауға мәжбүрлейтіні анық. Біз ректорлармен 2021 жылдың қыркүйегіне дейін тиісті жұмыс жүргізілетіні туралы келісімге келдік.

Президенттің бұл тапсырмасының орындалу барысын ЖОО директорлар кеңестері мен Білім және ғылым министрлігі бақылауда ұстайтын болады», — деді ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2020» гранттық байқауының жеңімпаздарын ресми марапаттау шарасында. Бұл жаңалық үздіктер арасынан іріктеліп, жиынға қатысқан 20 оқытушының ғана емес, министрді online жүйесінде көріп, тыңдаған барша қазақстандық жоғары оқу орындары ұстаздарының көңілін бір серпілтті.

Аталмыш байқауда 150 оқытушы үздік атанған еді. Олардың әрқайсысына 5 834 000 теңге (2000 АЕК) көлемінде гранттық қаржы табысталды. Үміткерлерді іріктеу және құжаттарды тексеру рәсімі алғаш рет online форматта өткізілді.

Zhubanov University өңірлік университетінен қатысқан үміткерлердің жетеуі байқау жеңімпазы қатарында. «ЖОО үздік оқытушысы-2020» құрметті атағы иегерлері: Zhubanov University өңірлік университет Басқарма төрағасы-ректордың міндетін атқарушы, тарих ғылымдарының доктары, профессор Рахым Бекназаровка, «Физика» кафедрасының профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Игорь Спивак-Лав-



ровқа (байқаудың екі дүркін жеңімпазы), «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Төлеген Ботағариевке, физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Әмірбек Бекешевке, «Математика» кафедрасының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының кандидаты Мадина Тілеубергеноваға, «Металлургия, тау-кен және мұнай-газ ісі» кафедрасының оқытушысы, қауымдастырылған профессор Бауыржан Келамановқа, «Информатика және ақпараттық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы, PhD Гүлмира Шаңғытбаеваға профессор-оқытушы құрамы қатысқан салтанатты жиында төсбелгілері мен сертификаттары тапсырылды.

## ПРЕПОДАВАТЕЛЯМ ВУЗОВ ДОСТОЙНАЯ ЗАРПЛАТА

«Важно повышать качество высшего образования, выплачивая педагогам достойную заработную плату и создавая условия для их нормальной работы. Президент Касым-Жомарт Кемелович Токаев поручил повысить заработную плату педагогическим кадрам высших учебных заведений на заседании Национального общественного совета. В 2019 году зарплаты преподавателей вузов подведомственных МОН РК были увеличены на 20%, а затем в сентябре 2020 года еще на 20%. Однако, несмотря на принятые меры, все же необходимо дальнейшее повышение оплаты. В то же время из-за низкой базы существующей зарплаты даже меры по увеличению заработной платы на 20-40% недостаточны.

Например, если средняя зарплата преподавателя в КазНУ составляет 108 тысяч тенге, в Атырауском университете имени Х. Досмухамедова - 105 тысяч тенге, 101 тысяча тенге в Кызылординском университете имени Коркыт Ата и 99 тысяч тенге в Карагандинском индустриальном университете. Очевидно, такая зарплата не мотивирует преподавателей. Некоторые университеты использовали повышение должностной заработной платы как основу для повышения. Но, следует отметить, что она ниже реальной заработной платы, включающая дополнительные нагрузки и различные премии.

Другие вузы повысили зарплаты за счет увеличения преподавательской нагрузки. В результате в ряде учебных заведений ставка одного преподавателя достигла 900 часов. В связи с этим для выполнения поручения Президента К.Токаева в ходе Совета в феврале мы обсудили с подведомственными МОН РК вузами, подписали приказ и утвердили две нормы.

ПЕРВАЯ. Установление минимальной заработной платы для штатных преподавателей с сентября 2021 года. То есть с сентября 2021 года штатный преподаватель подведомственного вуза МОН будет получать не менее 200 тысяч тенге в месяц, старший преподаватель - 230 тысяч тенге, доцент - 260 тысяч тенге, профессор - 350 тысяч тенге (в национальных вузах - 400 тысяч тенге). Это должна быть минимальная заработная плата. Каждый университет также может устанавливать и выплачивать другие поощрительные выплаты за определенные достижения преподавателей.

ВТОРАЯ. Максимальный объем педагогической нагрузки не должен превышать 680 часов в год. Причем, ставка может быть и ниже - 450 или 500 часов в год. Высшие учебные заведения с показателем 700-900 часов и более на одного педагога должны сократить количество часов до 680. До сентября 2021 года мы дадим руководителям университетов время изменить расписание, оптимизировать и увеличить свои доходы. Очевидно, что это решение вынудит изменить соотношение административного и педагогического состава в высших учебных заведениях, сократить прочие незначительные расходы и пересмотреть расходы бюджета. За выполнением поручения Президента будут следить советы директоров вузов и МОН РК», — сказал министр образования и науки Асхат Аймагамбетов на официальной церемонии награждения победителей конкурса «Лучший преподаватель вуза 2020 года». Лучшими в конкурсе стали 150 педагогов, каждый из которых получил грант в размере 5 834 000 тенге (2000 МРП). Впервые отбор кандидатов и проверка документов проводились онлайн.

7 участников-победителей, подавших заявки на участие в конкурсе от Zhubanov University, получили медали и сертификаты. Это исполняющий обязанности ректора вуза, доктор исторических наук, профессор Рахым Бекназаров, доктор физико-математических наук, профессор Игорь Спивак-Лавров (он стал победителем конкурса во второй раз), заведующий кафедрой «Физической культуры и спорта», доктор педагогических наук, профессор Тулеген Ботагариев,



кандидат физико-математических наук, ассоциированный профессор Амирбек Бекешев, заведующая кафедры математики, кандидат физико-математических наук Мадина Тлеубергенова, кандидат технических наук, ассоциированный профессор кафедры «Металлургия, горное и нефтегазовое дело» Бауыржан Келаманов, старший преподаватель кафедры «Информатика и информационные технологии», PhD доктор Гульмира Шангытбаева.

## DECENT SALARIES FOR UNIVERSITY PROFESSORS

"It is important to improve the quality of higher education by paying teachers decent wages and creating conditions for their normal work. President Kassym-Jomart Kemelovich Tokayev instructed to increase the salary of teaching staff at higher educational institutions at a meeting of the National Public Council. In 2019, the salaries of teachers of universities subordinated to the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan were increased by 20%, and then in September 2020 by another 20%. However, despite the measures taken, a further increase in pay is still needed. At the same time, due to the low base of the existing wages, even measures to increase wages by 20-40% are insufficient. For example, the average salary of teachers in the country varies from 108 thousand tenge to 99 thousand tenge. Obviously, such a salary does not motivate teachers. Some universities have used the rise in job wages as a basis for the promotion. But it should be noted that it is lower than the real wage, which includes additional workloads and various bonuses. Other universities have raised salaries by increasing the teaching load. As a result, in a number of educational institutions, the rate of one teacher has reached 900 hours. In this regard, in order to fulfill the instructions of President K.Tokayev during the Council in February, we



discussed with the universities subordinate to the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, signed an order and approved two norms. FIRST. Setting minimum wages for full-time teachers from September 2021. That is, from September 2021, a full-time teacher of a subordinate university of the Ministry of Education and Science will receive at least 200 thousand tenge per month, a senior teacher - 230 thousand tenge, an associate professor - 260 thousand tenge, a professor - 350 thousand tenge (in national universities - 400 thousand tenge). This should be the minimum wage. Each university can also establish and pay other incentive payments for certain achievements of teachers. SECOND. The maximum amount of teaching load should not exceed 680 hours per year. Moreover, the rate may be lower - 450 or 500 hours per year. Higher education institutions with an indicator of 700-900 hours or more per teacher should reduce the number of hours to 680. Until September 2021, we will give university leaders time to change their schedules, optimize and increase their income. Obviously, this decision will force a change in the ratio of the administrative and teaching staff in higher education institutions, reduce other minor expenses and revise budget expenditures. The implementation of the President's instructions will be monitored by the boards of directors of universities and the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, "said Minister of Education and Science Askhat Aimagambetov at the official ceremony of awarding the winners of the competition" The Best University Teacher of 2020 ". The best in the competition were 150 teachers, each of whom received a grant of 5,834,000 tenge (2,000 MCI). For the first time, the selection of candidates and verification of documents were carried out online. 7 winners from Zhubanov University received medals and certificates. This is Doctor of Historical Sciences, Professor Rakhym Beknazarov, Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor Igor Spivak-Lavrov (he won the competition for the second time), Head of the Department of Physical Culture and Sports, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor Tulegen Botagariev, Ph.D. of Mathematical Sciences, Associate Professor Amirbek Bekeshev, Head of the Department of Mathematics, Candidate of Physical and Mathematical Sciences Madina Tleubergenova, Candidate of Technical Sciences, Associate Professor of the Department of Metallurgy, Mining and Oil and Gas Engineering Bauyrzhan Kelamanov, Senior Lecturer of the Department of Informatics and Information Technologies, PhD Doctor Gulmira Shangytbaeva.

**Басты жаңалықтарды дайындаған**
**Айерке Сұлтанбекова**

## ☑ New state award




# ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДА

**Қазақстанда жаңа мемлекеттік награда «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» медалі бекітілді. Жақында оны ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов бір топ ұстазға табыстады.**

«Мемлекет басшысының тапсырмасымен алғаш рет «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» мемлекеттік сыйлығы бекітілді. Еңбектеріңіз бен жас ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлестеріңіз үшін алғыс айтамын. Марапатпен құттықтап, сіздерге денсаулық, амандық және талантты оқушылар тілеймін!», — деді Асхат Аймағамбетов.

«Педагог мәртебесі туралы» заң шыққанан бері еліміздің білім беру саласында көптеген оң өзгерістер болып жатыр. Мысалы, мұғалімнің апталық жүктемесі 18 сағаттан 16 сағатқа азайды, жалақысы көбейді, қосымша жұмыстардан босатылды. Студенттердің шәкіртақысы 42 мың теңгеге көтерілді, ҰБТ қорытындысында 75 балл алғандар мұғалімдік мамандықтарға қабылданды. Мұғалім боламын деген ерлер саны көбейді. Енді осындай құрметті марапат белгіленіп отыр. Бұл шынайылығында Қазақстан педагогикасындағы тарихта қалатын сәт.

Марапат иелері арасында 77 жастағы қарт ұстаз Орынша Қарабалина-Қазыбаева бар. Ол өмірінің 57 жылын ұстаздыққа арнаған. Осы жасқа келіп зейнеттік демалысқа жақында кетіпті. Кеудесін қуаныш кернеген ол бұл күнді замандастарының көрмегеніне қынжылады. «Бұл күнді мен көрдім, мұғалімдерге материалдық жағдайын жасап, төрге шығарғаны үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа мұғалімдер атынан шексіз алғыс айтамын. «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасын жасаған министр Асхат Аймағамбетов балама зор мадақ», — деді өнегелі педагог.

Орынша Қарабалина-Қазыбаева «Ұстаз жүгі — ауыр, қиын, қызық» деген кітабын былтыр жазып шығыпты. Кітап зиялы ортада педагогикалық поэма ретінде бағаланып жатыр. Болашақта мұғалім боламын деген жасқа көркем шығарма оқу құралы да іспетті.

**Гүлнара ҚАРАША**

**Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.**

**Газет айына бір рет шығады**

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті**

**Меншік иесі:**
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**Басқарма төрағасы-ректор м.а Рахым Бекназаров**

**Бас редактор**
Гүлнара Қараша

**Аудармашы**
Айерке Сұлтанбекова

**Дизайнер:**
Айгерім Нұршина

**Фотограф:**
Есет Саргузин

**Редакцияның мекенжайы:**
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

**E-mail:**
**gazetaZhU@mail.ru**
**Сайт: www.arsu.kz**

**Facebook:** ZhU oblystyq gazeti

**Таралымы: 5000 дана**

**Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды**